*Бекітемін:*

*Мектеп директоры:* __________ *Жүнісетегі М.Ж.*

**Кеңес орта мектебінің жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының даярлық тобының**

# *Перспективалық жоспар*

**2020-2021оқу жылы**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

**Даярлық тобы**

| | | Денсаулық | Коммуникация | Таным | Шығармашылық | Әлеумет |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру (2,5)<br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері (0,5) | **Коммуникация**<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Көркем әдебиет (0,5)<br>Сауат ашу негіздері (1,5)<br>Орыс тілі (2)<br>Шет тілі (ағылшын) (1)<br>Драма (0,5) | **Таным**<br>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру (2)<br>Құрастыру (0,5)<br>Жаратылыстану (1с) | **Шығармашылық**<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (2)<br>Мүсіндеу (1)<br>Апликация(1) | **Әлеумет**<br>Өзін-өзі тану (1)<br>Қоршаған ортамен танысу (0,5)<br>Экология негіздері (0,5) |
| | | | | | | |
| **Өтпелі тақырып: Менің балабақшам (Қыркүйек)** | **1. апта Менің балабақшам** | **Дене шынықтыру**<br>**1.** Бір қатарға сапқа тұру. Қос аяпен немесе бір аяқпен айналып секіру. Гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу.<br>2. Қозғалыс барысында сапқа тұру. Қос аяпен немесе бір аяқпен айналып секіру. Допты жоғарыға лақтыру.<br>3. Қолдарын әртүрлі гимнастикалық қалыпта ұстап жүру. Допты жоғарыға лақтыру. Басына зат қойып жүруде тепе-теңдікті сақтау. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Өзінің тобы немесе сыныбы туралы әңгіме құрастыру. Балаларды өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету.<br>Дыбыс туралы түсінік беру. Жуан дауысты дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру. Әңгіме мазмұнын эмоционалды қабылдауға үйрету. Әңгіменің басқа әдеби жанрлардан ерекшелігі туралы білімін кеңейту.<br>**3. Сауат ашу негіздері**<br>Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру.<br>**4.Сауат ашу негіздері** Жуан, жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру. Дыбыстарды дұрыс және анық айтуға үйрету. Сөйлемді сөздерге бөлу.<br>**5.Орыс тілі** | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі жайлы түсінік беру. Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдана білу қабілеттілігін қалыптастыру.<br>2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру<br>Теңдік туралы ұғымдарын қалыптастыру. Топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету.<br>**3. Құрастыру**<br>Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. Құрастыру | **1. Сурет салу**<br>Сызықтардың алуан түрін (түзу, қисық, ирек-ирек, ирелең) қолдана отырып, затқа қарап қарапайым заттардың суретін салуға үйрету. Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Кескішпен тұтас бөліктен мүсін жасау дағдыларын қалыптастыру. Ермексаздың бүтін бөліктерін соза отырып, топ бөлмесіндегі заттарды қарапайым геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеуге үйрету.<br>**3. Аппликация**<br>Екіге бүктелген қағазды қатпарлап, түрлі бейнелерді қиюға үйрету. Қағазға заттарды орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық мәнерлілік құралдары (әуен, қалып, ырғақ, қарқын, тембр, динамика, регистр) туралы | **Өзін-өзі тану**<br>Балабақшаға адамгершілік қарым-қатынастарын қалыптастыру.<br>Балабақшадағы ересектердің еңбектері туралы түсініктерін бекіту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балаларды жақын әлеуметтік орта ретінде балабақшам |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Различать знакомые звуки в словах и правильно применять их в повседневной жизни. расширять словарный запас знаний о ближайшем окружении; правильно применять их в повседневной жизни.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**7.Шет тілі**<br>Шет тіліндегі тілді түсінуге және үлгілік әдеп жағдайларында тілдесе білуге үйрету: сәлемдесу мен қоштасу (Hello, Hi, Goodbye, See you); кешірім сұрау мен кешіру (I'm sorry, Excuse me, It's O.K.). | қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Табиғат әлемін танудың қарапайым әдістері туралы түсінік беру. Табиғаттың заттары мен құбылыстары туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. | қарапайым түсінік беру. Ән айтудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Музыкалық шығарманың сипатын ажырата білуге үйрету. Тыңдалған музыкалық шығармадағы қарқынды (жылдам, баяу), анықтау біліктілігін қалыптастыру. Музыка сипатына сай жеңіл және ырғақпен жүгіру. | ен, мектеппен (бөлмелерім ен, топтың, сыныптың жабдықтары мен,ойыншы қтарымен және т.б.) таныстыру. Балабақша, мектеп қызметкерле рінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Мектептегі (балабақшад ағы) және сыныптағы (топтағы) негізгі ережелерді білу және оларды сақтауға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2. апта Менің достарым** | **Дене шынықтыру** 1. Аяқтың ұшымен жүгіру. Басына зат қойып жүруде тепе-теңдікті сақтау. 5-6 м алға жылжып секіру.<br>2. Қозғалыс барысында сапқа тұру. 5-6 м алға жылжып секіру. Төртағандап етпетімен еңбектеу.<br><br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>«Менің күн тәртібім»<br>Адам денсаулығы үшін күн тәртібінің маңызын түсіндіру. Оны саналы түрде орындауға дағдыландыру, өз күн тәртібін жоспарлауға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Менің досым» тақырыбына әңгіме құрастыру. Жіңішке дауысты дыбыстарды анық айтуға үйрету. «Сөз», «Сөйлем» ұғымдарын бекіту. Сөйлегенде мағыналас сөздерді қолдану. Сөздерді буынға бөлу.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>«Дыбыс» және «әріп» түсініктерімен таныстыру. Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге, сөзден дыбысты бөліп көрсетуге үйрету.<br>**3.Орыс тілі**<br>Слушать и понимать материал на русском языке; расширять словарный запас знаний о ближайшем окружении; отвечать на вопросы прослушанного материала<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Шет тіліндегі тілді түсінуге және үлгілік әдеп жағдайларында тілдесе білуге үйрету: өзін және басқаларды таныстыру (I'm ......., My name is ...., This is ..., It's my mum); жасы туралы ақпарат (I'm…); өтініш пен алғыс (Give me ..., please, Come in, please, Thank you).<br>**6.Драма**<br>Достық қарым-қатынас орнату үшін эмоционалды қолайлы атмосфераны құру; серіктесін түсіне білу қабілетін дамыту. Қиялды, пантомимикалық дағдыларды, қимылдардың мәнерлілігін дамыту. | 1.**Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу арқылы карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттай білуге үйрету. Теңдік туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**2.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Дөңгелек пен тіктөртбұрышты салыстыра отырып сопақшамен таныстыруды жалғастыру. Сандық және реттік санауды ажырату.<br><br>**3. Жаратылыс тану**<br>«Бақылау» ұғымын және оны өткізу кезеңдері туралы түсінік беру. Табиғат нысандары мен құбылыстарына бақылау жүргізу дағдыларын қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Көлемі бойынша бірдей заттар мен олардың бөліктерінен бірдей мазмұнды сызықпен сурет салу. Қағаздың түсін таңдап, бейнені жасау үшін бояуларды сәйкестендіру. қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету. Елестетіп, ойдан шығарып мүсіндеу дағдыларын дамыту.<br>3. Аппликация<br>Достарына сыйлық жасап, өз ойынша безендіруге үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында нысандардың көлемі бойынша қатынасын, пішінін, құрылымын көре білу іскерліктерін дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Музыканы тыңдау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай білуге үйрету. Таныс әннің күшті және әлсіз бөліктерін ажырату дағдыларын қалыптастыру. Музыка сипатының өзгеруіне сәйкес қозғалыстарды өзгертуге жаттықтыру.<br><br>**5. Музыка**<br>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Музыкаға қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар | **Өзін-өзі тану**<br>«Дос», «достық» сөздерінің мәнін түсінуге, қайырымдылық танытуға, басқа балалармен тілектестік қарым-қатынас орнатуға үйрету.<br>**Экология негіздері**<br>Балабақшаның жер теліміндегі өсімдіктерді (ағаштарды, бұталарды, гүлдерді) бақылау. Маусымдық өзгерістерге байланысты олардағы өзгерісті байқай білуге үйрету. Тірі табиғатты өлі табиғаттан ажырата білу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3 апта Менің сүйікті ойыншықтарым | **Дене шынықтыру** 1. Аяқтың ұшымен жүру. Төртағандап етпетімен еңбектеу. Аяқтарының арасына допты қысып секіру.<br>2. Аяқты артқа қарай бүгіп жүгіру. Аяқтарының арасына допты қысып секіру. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруде тепе-теңдікті сақтау.<br>3. Бір қатарға сапқа тұру. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруде тепе-теңдікті сақтау. Допты қос қолмен (15-20 реттен кем емес) жерге лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Біздің ойыншықтарымыз» тақырыбына әңгіме құрастыру. Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Сұрақтарға толық және нақты 4-6 сөзден тұратын сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Қысқа сипаттау әңгімелерін құру дағдыларын дамыту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беру. Оның мазмұнын мұқият тыңдауға, мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздегі дауысты дыбыстарды, олардың түрлерін ажыратып, дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін дамыту.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>«Сөйлем» туралы түсінік беру. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыстар туралы білімдерін дамыту. Жай сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы по прослушанному тексту и самостоятельно задавать их; использовать в речи часто повторяющиеся слова; самостоятельно составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений; вступать в диалог с педагогом и сверстниками.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**7.Шет тілі**<br>Шет тіліндегі тілді түсінуге үйрету | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атауға үйрету. Натурал қатардағы сандар арасындағы қатынасты: «дейін», «кейін» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>2**. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қарама-қайшы жұп ұғымдарды: «солға – оңға», «алға – артқа» анықтай алуға үйрету. Көрнекілік негізінде заттар тобын, сандарды салыстыру біліктіліктерін дамыту.<br>**3. Құрастыру**<br>Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктері мен оған тән бөлшектерін білуге, үлгілеуге және құрастыруға үйрету. Құрастыру жолын талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау білігін қалыптастыру.<br>**4. Жаратылыс тану**<br>Адамның негізгі дене мүшелері мен олардың қызметі туралы түсінік беру. Адамның қолымен жасалған (ойыншықтар және т.б.) заттарға | **1. Сурет салу**<br>Ойыншықтарды сипаттауға, оларды ойынша безендіру. Затқа қарап қарапайым заттардың суретін салуға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсіндеу барысында ойыншықтарды, олардың сипатының, пішінінің ерекшеліктерін өздігінен бере білуге үйрету.<br>**3. Аппликация**<br>Бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс қолдана отырып, тұтас ойыншық бейнелерін жасауға үйрету. Қайшымен жұмыстың негізгі тәсілдерін меңгерту.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық шығарманың сипатына (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұңды, қайғылы), қарқынының өзгеруіне сәйкес ән салуға үйрету. Билейтін музыканың сипатын жеңіл қимылдармен беруге жаттықтыру.<br>**5. Музыка**<br>Музыканы орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттай білуге үйрету. Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде, би қимылдарын ойдан шығарып орындау дағдыларын қалыптастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Балалардың достық туралы ұғымдарын кеңейту, балалар ұжымында өзара қарым-қатынас жасауды, өзара көмекті дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтардың қандай материалдан жасалғандығын анықтауға үйрету. Ойыншықтар адам қолымен жасалатындығы туралы түсінік беру. Оларға ұқыпты қарауға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4. апта Жиһаздар** | **Дене шынықтыру**<br>1. Өз бетімен бір-бірден сапқа тұру. Допты қос қолмен (15-20 реттен кем емес) жерге лақтыру. Арнайы сызықтың бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау<br>**2**. Айқастырып басқан қадаммен жүру. Арнайы сызықтың бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Отырған қалыптан жоғары секіру.<br><br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>«Дене гигиенасын сақтау» Жеке бас гигиеналарын сақтауға, ауыз қуысы мен тәнге күтім жасауға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Біздің жиһаздар» айналасындағы жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлегенде мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді қолдану. Сөйлеудің интонациялық мәнерлігін қалыптастыру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Жиһаздардың атауларына (орындық, үстел т.б.) дыбыстық талдау жасау, оларды қатыстырып сөйлем құрастыру. Сөздерді буындарға бөлу.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить составлять простую диалогическую речь; внимательно слушать собеседника и отвечать короткими фразами; передать содержание при помощи рисунков, определить количество звуков в слове.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Айналасындағы заттарды сипаттауға, қарапайым және қысқаша ойлар құрастыруға үйрету. Жиһаздардың атауларымен лексикалық-тақырыптық саладағы сөздік қорды кеңейту.<br>**6.Драма**<br>Негізгі түсініктерді қайталау: дикция, интонация, эмоция, мимика.<br>Интонация, мимика, ым- ишара арқылы кейіпкерлерді бейнелей білуге үйрету. | 1. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Уақыт ұғымдарын: бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулік бөліктері туралы түсінік беру. Мезгілдік қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру.<br>2. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіре білуге үйрету. Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау.<br>3. **Жаратылыс тану**<br>Қоршаған заттардың атқаратын міндеттері мен олар жасалған материалдардың құрылысы арасындағы байланыстарды түсінуге үйрету. Адамның өмір сүруіне қажетті жағдайларды білу біліктерін дамыту. | **1. Сурет салу**<br>Көлемі бойынша бірдей заттар мен олардың бөліктерінен бірдей мазмұнды сызықпен сурет салу. Қоршаған орта заттарынан және құбылыстарынан түстердің түрлерін ажырату іскерліктерін жетілдіру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін және қосымша материалдарды пайдаланып, жиһаз бөліктерінің салыстырмалы көлемін сақтау дағдыларын дамыту. Мүсінделген пішіндердің бөліктерін мықтап бекітуге, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін арнайы кескіштің көмегімен тегістеуді үйрету.<br>**3. Аппликация**<br>Геометриялық пішіндер негізінде жиһаздардың бейнесін қиюға, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Түсті, бояуды, композицияны сезінулерін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Музыка**<br>Қарапайым әуендерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салуға үйрету. Музыка туралы өз пікірін білдіру дағдыларын қалыптастыру. Ұрмалы-шулы аспаптарда ойнау арқылы суырыпсалмалық қарапайым біліктіліктерін дамыту.<br>5. **Музыка**<br>Әуенді орындау барысында өз сезімдері<br>мен толғаныстарын сипаттау арқылы тілдік дағдыларын дамыту. қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), Музыкалық дыбыстың негізгі ұзақтығына (ұзақ, | **Өзін-өзі тану**<br>Өзін-өзі ұстаудың қарапайым нормаларын сақтауды, бейнелік ойлауды, қиялдауды, ойын барысында балалар ұжымында өзара әрекет етуде және қарым-қатынас жасауда өзінің қабілеттерін көрсете білуді үйрету.<br><br>**Экология негіздері**<br>«Қызыл кітап», оның маңызы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің жойылып кету себептері туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Айналадағы заттарды орнымен қолдана білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің отбасым (Қазан)** | **1 апта Менің отбасым, ата-аналар еңбегі** | **Дене шынықтыру** 1. Қолдарын әртүрлі гимнастикалық қалыпта ұстап жүру. Отырған қалыптан жоғары секіру. Допты жоғарыға лақтыру.<br>2.Қозғалыс барысында сапқа тұру. Допты жоғарыға лақтыру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу.<br>3. Аяқтың ұшымен жүгіру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу. Қос аяпен немесе бір аяқпен айналып секіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Мен және менің отбасым» Отбасы мүшелері әке, ана, ата, әже, аға, іні, қарындас, апа, сіңлі туралы әңгімелесу. Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжауға үйрету.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Отбасы, ата-аналар еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру. Оқылған әңгімені ынта қойып тыңдауға, оның негізгі идеясын түсінуге, шығарма кейіпкерлерінің қылықтарын бағалауға үйрету.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.<br>**4. Сауат ашу негіздері**<br>2.Тілдің дыбыстарын естіп қабылдауға, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айтуға үйрету. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді дамыту. Отбасы тақырыбына сөйлем құрастыру.<br>**5. Орыс тілі**<br>Составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений;<br>реагировать на содержание текста жестами, действиями репликами и простым словосочетанием.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**7.Шет тілі**<br>Айналасындағы заттарды атауға және фонетикалық мысалдар мен интонация ретіндегі жазбаларды | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Шартты өлшемдер арқылы заттың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және салыстыра білуге үйрету. 10 көлемінде сандарды ретімен санау дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші екені туралы түсінік беру. Қағаз бетін бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Құрастыру**<br>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Ұсақ-түйек заттар мен сіріңкенің қораптарынан әртүрлі үйлестіру жолдары арқылы құрастыру іскерліктерін қалыптастыру.<br>4. **Жаратылыстану**<br>Күнделікті өмірдегі табиғат туралы білімнің маңыздылығын түсіндіру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді атау, ажырату және бақылау дағдыларын қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Саусақтарға күш түсірмей, қарындашпен сурет салуға үйрету. Түстерді жеткізу үшін қағаздың түсін және түстердің үйлесімділігін таңдау біліктілігін қалыптастыру.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Дененің үйлесімділігін сақтай отырып адамдардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Көркем-эстетикалық талғамды қалыптастыру.<br>*3.* **Аппликация**<br>Бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалана білуге үйрету. Заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>*4.* **Музыка**<br>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырата білуге үйрету. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындауға жаттықтыру. Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру дағдыларын қалыптастыру.<br>*5.* **Музыка**<br>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырата білуге үйрету. Таныс әндер мен қайырманың әуенін ажыратуға жаттықтыру. Би-ойын шығармашылығы дағдыларын қалыптастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Отбасы ондағы қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту, отбасына, жақындары мен туысқандарына қамқорлық таныту дағдыларын үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Отбасы, ата-аналар еңбегі туралы алған білімдерін кеңейту.<br>Ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін білу, олардың бір-бірімен туыстық байланысын түсіндіру.<br>Өзінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | отбасылық дәстүрлері туралы әңгімелеп беру арқылы сөйлеу тілін дамыту. Отбасы мүшелеріне, жақындарына қамқорлық жасауға, сыйластық танытуға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2.апта Біздің көше | **Дене шынықтыру** 1. Аяқтың ұшымен жүру. Қос аяқпен немесе бір аяқпен айналып секіру. Допты қос қолмен (15-20 реттен кем емес) жерге лақтыру.<br>2. Өз бетімен бір-бірден сапқа тұру. Допты қос қолмен (15-20 реттен кем емес) жерге лақтыру. Аяқтарының арасына допты қысып секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Көшедегі қауіпсіздік сақтаудың қарапайым ережелерін сақтауға үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыпқа сәйкес сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің көшесі тұратын мекен-жайы туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың тәжірибелері бойынша әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту. Бейнелі теңеулерді түсінуге және оларды қолдануға үйрету.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Аталған дыбыстың сөздегі тұрған орнын анықтай білуге үйрету, сөзді буынға бөлуді, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтауды дамыту.<br>**3.Орыс тілі**<br>Расширять словарный запас знаний о ближайшем окружении; пользоваться обобщающими словами, называть предметы, относящиеся к различным логическим группам.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>1-ден 10-ға дейінгі сандарды санауға үйретуде лексикалық-тақырыптық саладағы сөздік қорды кеңейту.<br>**6.Драма**<br>Түрлі қуыршақтарды (киілмелі, сылдырмақты) пайдаланып, қуыршақ басқарудың кейбір әдістерін үйрету. Заттармен / ойыншықтармен таныс іс-әрекетті жаңа ойын жағдаятына көшіруді жетілдіру. | *1.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Үшбұрышпен және тікбұршпен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық пішіндерді үлгілеуді бекіту.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Жыл айлары, апта күндерінің ретін, уақыт эталондары туралы түсінік беру. Таңертең, күндіз, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Физикалық құбылыстар туралы білімдерін дамыту: жарық (жарық беретін нысандарды атау – от, күн, шырақ), дыбыс (табиғаттағы дыбыстың көздерін анықтау), жылу (жылудың көздерін атау), электр және магниттілік (электр тоғының табиғи көзін атау, магнитті қолдану жолдарын атау). Белгілерді салыстыра білу, ұқсастықты және айырмашылықты көрсету дағдыларын қалыптастыру. | *1.* **Сурет салу**<br>Ағаштың бұтақтарына, бұталардың жапырақтарына немесе гүлдеріне қарап сурет салуға үйрету. Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға (жақын, алыс) орналастыру іскерліктерін қалыптастыру.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Бірыңғай заттармен сюжеттер жасауға, бірнеше денені бір тұғырға орналастыруға үйрету. Мүсіндеуді орындау барысында алынған білік пен дағдыларды қолдану.<br>**3. Аппликация**<br>Жапсыруда ұжымдық сюжеттік композиция жасауға үйрету. Қайшыны, желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Балалардың бір-бірін, музыканы тыңдай білуге үйрету. Ән айту барысында өзін-өзі ұстауға жаттықтыру. Ырғақты би қимылдарымен беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**5.Музыка**<br>Дыбыс жоғарылығын есту және ырғақтық дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажыратуға жаттықтыру. Балаларға арналған музыка аспаптарында ойнау арқылы сенсорлық қабылдауын және қол моторикасын дамыту. | **Өзін-өзі тану**<br>Адамның қасиеттері: қайырымдылық, сүйіспеншілік, сыйластық, қамқорлық, әділдік, туралы ұғымдарын, әлемді жағымды қабылдауды қалыптастыру.<br><br>**Экология негіздері**<br>Орман туралы, орманда өсетін өсімдіктер туралы, орманның адамға тигізетін пайдасы мен маңызы туралы түсінік беру. Табиғатта өзін ұстай білу ережесін, орманды өрттен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қорғаудың қажеттілігін түсіндіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік** | **Дене шынықтыру** 1. Аяқты артқа қарай бүгіп жүгіру. Аяқтарының арасына допты қысып секіру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу.<br>2. Өз бетімен бір-бірден сапқа тұру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруде тепе-теңдікті сақтау.<br>3. Аяқтың ұшымен жүру. Қолдарын әртүрлі гимнастикалық қалыпта ұстап жүру. Допты жоғарыға лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Өзінің ойын өзінің сұхбаттастарын тыңдай отырып, әдептілікпен беруге, қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарында әдептілік сөздерін қолдануға үйрету<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес тақпақ оқу.<br>Шығарманың идеясын түсіндіру.<br>Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Шығарма жанрлары туралы ұғымдарын бекіту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіндіру. 4-6 сөзден сөйлем құрастырып, сұрақтарға толық және нақты жауап беруге үйретуді жалғастыру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Аталған дыбысты дұрыс атауды, ол дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында тұрғанын анықтай білуге үйрету. Сөйлем құрастыра білуді жаттықтыру.<br>**5.Орыс тілі**<br>Составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений; подбирать признаки к определенному предмету. Ориентироваться на странице прописи. Использовать в речи имена существительные единственного и множественного числа; находить информацию в картинках и соотносить их.<br>**Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**Шет тілі**<br>1-ден 10-ға дейінгі сандарды санауға | *1.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>«+» таңбасын заттар санын біріктіретін белгі ретінде және «–» таңбасын заттар санын азайту белгісі екендігі туралы түсінік беру, оларды қолдана білуге үйрету. Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Шаршымен таныстыруды жалғастыру, оларды дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету.<br>*3.* **Құрастыру**<br>Қырлы бөренелердің араларын бір-біріне жиі қойып құрылысты берік етіп құрастыруды үйрету. Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану білігін дамыту.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Заттарды қозғалысқа келтіретін күштер туралы ұғымдарын қалыптастыру. Өндірісте адамдардың еңбегін жеңілдететін және тұрмыста жайлылық | **1. Сурет салу**<br>Қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануда қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсінделетін бұйымдардың пішіні мен өлшемі туралы кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру. Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалануды үйрету.<br>**3. Аппликация**<br>Бүктелген сызығы бойынша қағаз парағын түзу қию, шаршының бұрыштарын дөңгелетіп, дөңгелек пішінді қиып алуға үйрету. Қиып алудың түрлі тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>*4.* **Музыка**<br>Музыкалық бейне, суреттеу құралдары, музыкалық жанрлар туралы қарапайым түсінік беру Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен фразалардың соңын жұмсартып айтуға үйрету. Музыка сипатына сай қозғалу дағдыларын қалыптастыру.<br>*5.* **Музыка**<br>Музыкалық шығармаға өзінің көзқарасын білдіру дағдыларын қалыптастыру. Демді алып, фразаны аяғына дейін ұстап тұруға үйрету. Музыкалық фразаларға қозғалыс бағытын жеңіл және әдемі ауыстыра отырып қозғалуға жаттықтыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Адамның қасиеттері: қайырымдылық, сүйіспеншілік, сыйластық, қамқорлық, әділдік, туралы ұғымдарын, қоршаған ортаға қамқорлық танытуды жетілдіру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Ауыл шаруашылық саласы мамандары (фермер,тракторшы, комбайншы, көкөніс өсіруші, бақташы, қойшы, сауыншы және т.б.) және олардың еңбек әрекеттері туралы түсінік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Қала тұрғындары үшін ауыл шаруашылық еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4. апта Алтын күз | **Дене шынықтыру**<br>1.Қозғалыс барысында сапқа тұру. Допты жоғарыға лақтыру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу.<br>2. Аяқты артқа қарай бүгіп жүгіру. Төрттағандап етпетімен еңбектеу. 5-6 м алға жылжып секіру.<br>3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>«Күз келді» күздегі ауа-райында, жаңбырда, найзағай түскенде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру, көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Суретте бейнеленген заттарды өздеріне тән белгілерін бере отырып, сипаттауға үйрету. Көкөністер мен жемістердің атауларын белсендіру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тыңдалған шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата білуді дамыту (хабарлы, сұраулы, лепті). Күзгі құбыстарды, көкөністерді қатыстырып, сөйлем құрастыру.<br>**3. Орыс тілі**<br>Учить высказываться на заданную тему; отвечать на вопросы педагога и задавать вопросы. Самостоятельно составлять высказывания из 2-3 предложений; правильно применять их в повседневной жизни.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5. Шет тілі**<br>Оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдылары арқылы заттарды сипаттауға, жай сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Өзінің мінез-құлқын реттеуге: сөздерін ойлап айтуға, қимылдарын тежеуге үйрету<br>. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән ерекшеліктерін мәнерлі орындауға жаттықтыру. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Соңғы жиынтық пен оның бөліктерінің арасындағы қатынасты белгілей білуді жаттықтыру. Заттарды өсу және кему ретімен: көлемі, ені, биіктігі, жуандығы, ұзындығы бойынша орналастыруға үйрету.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>10 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыруды жетілдіру. Көлемі бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану біліктілігін дамыту.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Күз мезгіліндегі өзгерістерді атау, ажырату және бақылау біліктерін дамыту. Анықталған заңдылықтарды тұжырымдап, қорытынды жасауға үйрету. Бақылау қорытындыларын суреттермен және шартты белгілермен арнайы күнтізбе бақылауларда немесе бақылау күнделіктерінде және т.б. белгілеу дағдыларын қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Күз мезгілінен алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Бір мазмұнға біріктіре отырып бірнеше заттардың суреттерін (табиғат суреттері) бейнелеу іскерліктерін жетілдіру.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Қоршаған орта тақырыбы бойынша сюжеттік композиция құруға үйрету. Қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын дамыту.<br>*3.* **Аппликация**<br>Кептірілген жапырақтарды қағаз бетіне желімдеуге үйрету. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге үйрету. Түрлі сипаттағы музыкалық-ойын бейнелерін жеткізу дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау қабілеттерін дамыту. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыруға жаттықтыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру, туған өлкеге сүйіспеншілік таныту, қоршаған табиғаттың әсемдігін қабылдау, оған ұқыпты қарым-қатынас жасау.<br><br>**Экология негіздері**<br>Бөлме өсімдіктерінің сыртқы ерекшеліктері туралы білімдерін пысықтау, олардың жағдайларын анықтай білуді қалыптастыру, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ылғалды ұнататын және құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді ажырата білуге үйрету. Оларға күтім жасаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру. Өсімдіктерге күтім жасату арқылы, оларға қамқорлық танытуға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау (Қараша)** | **1 апта Өзім туралы** | **Дене шынықтыру**<br>1.Кең адыммен алға және артқа жүру. 5-6 м алға жылжып секіру. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру.<br>2. Аяқты алға қарай лақтырып жүгіру. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру.<br>Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру.<br>3. Тар адыммен алға және артқа жүру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру. Тұрған қалпында 25-30 см биікке ілінген затқа секіру. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Өзінің дене мүшесі (қол, аяқ, бас), олардың атқаратын қызметтері мен денсаулықты сақтау және нығайту туралы әңгімелесу. Диалог құру онда әдептілік сөздерін қолдану. Дауысты дыбыстарды естіп саралауға үйрету.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Әңгіме оқып беру. Әңгіменің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Мазмұндап беруде мәнді екпіндерді, үзілістерді қолдануды жетілдіру.<br>**3. Сауат ашу негіздері**<br>1.Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөйлеген сөздің ішінен жеке сөйлемдерді тыңдай білу, сөйлемді сөздерге жіктеу дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Сауат ашу негіздері**<br>2. Сөздер мен сөйлемдердің сызбасын оқуға, сөйлемдегі сөз санын, сөздегі буын санын анықтауға үйрету. Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруды дамыту.<br>**5. Орыс тілі**<br>Учить отвечать на элементарные вопросы жестами, словами и короткими фразами, демонстрировать понимание увиденного через комментирование (2-3 слова, простое предложение), действия Использовать в речи часто повторяющиеся слова.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>7. **Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздерді | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>11 санының жасалу жолымен таныстыру және 11-ға дейін санауға жаттықтыру – тура және кері санау. Фигуралардың қасиеттері (2 қасиеті) бойынша топтастыру (шаршы, тікбұрыш) дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру біліктіліктерін дамыту. Логикалық жаттығуларды, жұмбақтарды орындауға үйрету.<br>*3.* **Құрастыру**<br>Ұсақ-түйектерді дайындауда қағазды қиғаштай бөліп, 16 бірдей бөлікке бұрыштарының басын дәл қоса отырып, шаршы қағазды бүктеу іскерліктерін қалыптастыру. Қарапайым конструктивтік шешімдер табу біліктерін дамыту.<br>*4.* **Жаратылыстану**<br>Табиғаттағы дыбыстың шығу көзін, жәндіктердің шығаратын (шегірткенің) дыбыстарын, көкекті, тоқылдақты, бұлбұлды | *1.* **Сурет салу**<br>Бояулармен сурет салу техникасын жетілдіру. Елестету арқылы қарапайым сұлбаларды әртүрлі сызық түрлерін (түзу, қисық, ирек-ирек және т.б.) қолдана отырып салуға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсіндеуге арналған құралдармен жұмыс жасай білуге үйрету. Адамның қимылына тән мәнерлікті беру дағдыларын қалыптастыру.<br>*3.* **Аппликация**<br>Екіге бүктелген қағаздан, қатпарлап бүктелген қағаздан қол ұстасып, шеңберді айнала ән айтқан адам бейнелерін қиюға үйрету. Қиып алудың техникасын игерту.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық шығармаға өзінің көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айта білу біліктіліктерін жетілдіру. Ырғақты қозғалыстарын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Негізгі музыка формалары мен жанрлары туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Дыбысталу тембрі бойынша кейбір музыка аспаптарын анықтауға жаттықтыру. Музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстырып, шығарманы сипаттай білуге үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Өзін тануға, өзінің бірегей «Мені» мен өз есімінің, тегінің арасындағы байланысты орнатуға қызушылық таныту, өзінің қылықтарын ,ойларын талдай білуге, оны адамгершілі кпен бағалай білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қоғамдық игілік туралы ұғым беру. Қоғамдық игілікті сақтау мен ұлғайтуға үлес қосуға ынталандыр у. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2 апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер** | **Дене шынықтыру**<br>1. Қысқа адыммен жүгіру. Тұрған қалпында 25-30 см биікке ілінген затқа секіру. Шалқасынан жатып шынтақтарымен аяқтарымен тіреп еңбектеу.<br>2. Кең адыммен жүгіру. Шалқасынан жатып шынтақтарымен аяқтарымен тіреп еңбектеу. Допты басынан асыра лақтыру.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Дұрыс тамақтану, дәрумендердің пайдасы»<br>Дұрыс тамақтану мен дәрумендердің пайдасын түсіндіру | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>«Дәрумендер тұрағы, түрлі тағам құрамы»<br>Дұрыс тамақтану және адам ағзасы үшін дәрумендердің пайдасы туралы диалог құру. Дауыссыз қатаң дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Сөйлемді сөздерге жіктеуге үйрету.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлеу дағдыларының нормалары, тілдік этикет (этикет сөздігі) туралы ұғым беру. Бір-бірімен, ересектермен сыпайы сөйлесу. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру.<br>**3. Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы педагога и задавать вопросы по данному материалу; самостоятельно составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений. Обучать умению составлять словосочетания.<br>**Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**4. Шет тілі**<br>Лексикалық-тақырыптық саладағы сөздік қорды азық-түлік атауларымен кеңейту. Көкөністер мен жемістерді түстерді қолданып сипаттап беруге үйрету.<br>**6. Драма**<br>Әртүрлі мәтіндерді қайталау кезінде дұрыс тыныс алуды: еркін, бірқалыпты, ұзақ тыныс алуды игерту. Әртүрлі қарқындағы эмоцияларды көрсету үшін түрлі дауыс күшін қолдану. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>12 санымен таныстыру. 12 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуге үйрету.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Өзіне немесе басқа затқа қатысты сол және басқа заттардың орналасуын сөйлемде айта білуге үйрету. Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, олардың пішіндеріне талдау жасай білуді қалыптастыру.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Табиғатқа зиян келтіруі ықтимал жағдаяттар мен іс-әрекеттері және ауа, судың ластану себептері туралы түсінік беру. Табиғат нысандары мен құбылыстарына қысқа уақыт аралығында бақылау жүргізу дағдыларын қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Қағаздың төменгі жолақшасына жердегі заттарды, жоғарғы бөлігіне жоғарыдағы заттарды орналастырып кеңістіктік қатынасын бере білуге үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Табиғи материалдармен жұмыс жасаудың қарапайым еңбек дағдыларын игерту. Жеміс жидектердің мүсінін илеу.<br>**3. Аппликация**<br>Қағаздың бетін толықтыруға, заттарды бір сызықтың бойымен жалпақ жолақшаға, бүкіл парақка орналастыруға үйрету. Қайшымен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін жоғарылығына (жоғары-төмен дыбыс), ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату дағдыларын қалыптастыру. Вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдау іскерліктерін жетілдіру.<br>**5. Музыка**<br>Музыканы тыңдау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау арқылы тілдік дағдыларын дамытуды жалғастыру. Пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілей білуге үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Өзіне қызмет көрсетудің алғашқы дағдыларын, қоршаған табиғаттың әсемдігін қабылдауды, оған қамқорлықпен қарауды қалыптастыру.<br>**Экология негіздері**<br>Адам өміріндегі (тамақ пісіру, ішу, жуыну, кір жуу, ) және жер бетіндегі барлық тіршілік иесі үшін судың маңызы туралы түсінік беру. Суды үнемдеп жұмсауға баулу. Табиғат құбылыстарындағы себеп-салдардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта. Өзіне және өзгелерге көмектес** | **Дене шынықтыру**<br>1. Өкшемен жүру. Допты басынан асыра лақтыру. «Жылынша» еңбектеу.<br>2. Өкшеден аяқтың ұшна алмасып жүру. «Жылынша» еңбектеу. Орнынан ұзындыққа секіру.<br>3. Әртүрлі қалыпта жүгіру. Орнынан ұзындыққа секіру. Жүрелеп отыру және тұру кезінде тепе-теңдікті сақтау. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Бір-біріне көмектесуге, қайырымдылық жасауға баулу. Естіген әңгіме мазмұнын интонацияны сақтап айтуға үйрету. Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын түрліше болжауға үйрету. Дауыссыз ұяң дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Әңгіме оқу<br>Шығармадағы бейненің сипатын сезініп, түсіне білуге, сөздердің ауыспалы мағынасын түсінуге үйрету. Кейіпкерлер туралы өзінің пікірін айту, диалогтік сөйлеуін дамыту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Сөздердегі аталған дыбыстың орнын анықтау. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып, ерекшелігін атай білу.<br>4.**Сауат ашу негіздері**<br>2. Дыбыстық құрылымы әртүрлі бес және алты дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Берілген сөздермен сөйлемдер құрастыру.<br>**5. Орыс тілі**<br>Принимать участие в различных ситуациях общения с соблюдением речевых норм. При составлении диалога внимательно слушать собеседника и отвечать короткими фразами используя мимику, жесты.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**7.Шет тілі**<br>Лексикалық-тақырыптық саладағы | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Көрнекі негізінде 13-ке дейінгі сандардың пайда болуымен таныстыру. 13 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды** *қалыптастыру*<br>Соңғы жиынтық пен оның бөліктерінің арасындағы қатынасты белгілей білуді жаттықтыру: тұтастың өз бөліктерінен үлкен болатынын; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мағыналы сәйкестікті белгілеуді үйрету.<br>**3. Құрастыру**<br>Ұсақ-түйек заттар мен сіріңкенің қораптарынан әртүрлі үйлестіру жолдары арқылы құрастыруға үйрету. Табиғи және жасанды материалдарды ажырату біліктерін дамыту.<br>**4. Жаратылыстану**<br>«Қызыл кітаптың» маңыздылығын түсіндіру. Адамның жануарлар және өсімдіктер әлемін қорғау қажеттілігі туралы білім беру. | *1.* **Сурет салу**<br>Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстап, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта әрі-бері сызуға үйрету. Түстердің үйлесімділігін беру үшін қағаздың түсін іріктеуде жылы түстерді негізгі түске сәйкес үйлестіріп қолдану біліктерін жетілдіру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Сурет түрінде алдын-ала үлгі құрып, жұмыс барысында оған сүйенуге, заттың пішінін геометриялық өрнектермен шартты түрде безендіруге үйрету. Құралдармен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған сұлбаларды қиюға үйрету. Жұмыс орнын және жұмыс барысында құралдарды өздігінен ретке келтіру дағдыларын жетілдіру.<br>*4.* **Музыка**<br>Тыңдалған музыкалық шығармадағы регистрді анықтау туралы ұғымдарын қалыптастыру. Әуенді тыңдап, сипаттай алуға үйрету. Қозғалысты музыкамен сәйкестендіріп жартылай отыруларды анық, ырғақты орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка**<br>Бастапқы музыкалық талғамның қалыптасуына ықпал ететін әндер туралы түсінік беру. Тыңдалған | **Өзін-өзі тану**<br>Балалар ұжымында қарым-қатынас жасай алуға және өзара әрекеттесе білуге, отбасында және құрдастарының арасында өзара көмекке және ынтымақтастыққа даярлығын таныта алуға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Еңбектің маңызы және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттілігі туралы білім беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Суреттерден мамандық түрлерін тани білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4 апта Біз күштіміз, ептіміз** | **Дене шынықтыру**<br>1. Кең адыммен алға және артқа жүру. Жүрелеп отыру және тұру кезінде тепе-теңдікті сақтау. 5-6 м алға жылжып секіру.<br>2. Аяқты алға қарай лақтырып жүгіру. Жүрелеп отыру және тұру кезінде тепе-теңдікті сақтау. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Денсаулық зор байлық»<br>Өзінің денесінің бөліктері мен олардың қызметі, ағзасы, денсаулықты сақтау және қорғау әдістерін үйрету | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Ептілік, төзімділік, күштілік қабілеттерін дамыту. Айтылған ойдың мәнін ашу үшін интонацияны сақтауға үйрету. Тақырыпқа сәйкес жаңылтпаш жаттату. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды пысықтау.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Өткен сабақта алған білімдерін пысықтау. Дидактикалық материалдар арқылы балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу дағдыларын дамыту.<br>Аталған дыбыстар кездесетін сөздерге сөйлемдер құрату арқылы сөздік қорларын байыту. Өздеріне таныс тақырып аясында диалогке қатысу.<br>**3. Орыс тілі**<br>Учить находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их в соответствии с темой. Обучать умению составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений; вступать в диалог с педагогом.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Тақпақтардың мәтінін қайталауға, айналасындағы заттарды атауға және өзі туралы қарапайым және қысқаша ойлар құрастыруға, сөзді, ымды пайдалануға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Бейнелерді қимыл және ым-ишара арқылы жеткізе білуге үйрету.<br>Командаға немесе музыкалық белгіге | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>14 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуге үйрету.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық дене шарды дұрыс атап, геометриялық пішін дөңгелектен ажырата білуге жаттықтыру.<br>Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, олардың пішіндеріне талдау жасай білуді қалыптастыру.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Электр тогының табиғи көздері, магниттерді қолдану жолдарын пайымдау туралы ұғым беру. Алынған ақпаратты ұсыну және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Түзу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың (1-2) өрнектерінің суретін салуға үйрету. Сурет салуда бейнелеу құралдарын қолдану біліктілігін дамыту.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Бөліктердің салыстырмалы көлемін сақтауға, мүсінделген пішіннің бөліктерін нықтап бекітуге үйрету. Ортақ композиция жасау үшін ұжымдық мүсіндеу дағдыларын дамыту.<br>**3. Аппликация**<br>Заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыруға үйрету. Жапсыру дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Кейбір бастапқы дыбыстың жоғарылығы мен ырғақтық түсініктерін қалыптастыру. Ересектердің орындауында музыкалық көріністерді тыңдау. Музыкаға сәйкес жалаушалармен немесе ленталармен қозғалу дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға үйрету.<br>Баланың рухани әлемін байытатын, мейірімділік сезімдерге ынталандыратын әндер тыңдату.<br>Билей-ойнау шығармашылығын дамыту. | **Өзін-өзі тану**<br>Балаларда денсаулық және салауатты өмір салты құндылықтары туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Экология негіздері**<br>Балалаларға сирек кездесетін, жылдан - жылға азайып не жойылып бара жатқан жануарлар туралы, Қызыл кітапқа сирек кездесетін түрлері тіркелетіндігін түсіндіру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным (Желтоқсан) | 1апта Тарихқа саяхат | **Дене шынықтыру**<br>1. Тар адымммен алға және артқа жүру. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру.<br>Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру.<br>2. Қысқа адыммен жүгіру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру. Тұрған қалпында 25-30 см биікке ілінген затқа секіру.<br>3. Кең адыммен жүгіру. Тұрған қалпында 25-30 см биікке ілінген затқа секіру. Шалқасынан жатып шынтақтарымен аяқтарымен тіреп еңбектеу. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Халқымыздың салт-дәстүрі жайлы білімдерін кеңейту. Сөйлеуде фольклордың кіші жанрларын интонациясына сәйкес дәл, дұрыс мәнерлі қолдануды үйрету. Жаңылтпаш айтқызу. Тілдесудің вербальді емес құралдарын қолдануға үйрету.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Туған ел тақырыбында әңгіме оқып беру. Әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізуге баулу. Сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруды жетілдіру.<br>**3. Сауат ашу негіздері**<br>Тапсырмаларды орындату арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Аталған дыбысқа сөйлемдер құрату арқылы сөздік қорларын толықтыру. Буын құрату, жұмбақ, жаңылтпаш арқылы білімдерін бекіту.<br>**4. Сауат ашу негіздері**<br>Бірнеше сөзден тұратын сөйлем құрастыруды және сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздер мен сөйлемдердің сызбасын оқуға, әріптің бейнесін мүсіндеуге үйрету.<br>**5. Орыс тілі**<br>Учить при помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; отвечать на вопросы; пользоваться обобщающими словами.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**7. Шет тілі**<br>Тақпақтардың мәтінін қайталауға, | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Дағдылы қатардағы сандардың арасындағы қатынасты түсіне білу (13-тің 12-ден 1-і артық; 12-нің 13-тен 1-і кем), «дейін», «кейін» сөздерін түсіну. 15санымен таныстыру. 1-ден 15-ке дейін тура және кері санауға үйрету.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Бірнеше белгілерге бағдарлана отырып, үлгі бойынша нысандарды іріктей алуға үйрету. Фигураларды ауызша суреттеу және көрсету бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>*3. Құрастыру*<br>Көлемі бойынша әр түрлі құрастыруларды жасай білуге үйрету. Ұжымдық құрастыра білуді қалыптастыру.<br>*4. Жаратылыстану*<br>Күнделікті өмірдегі табиғат туралы білімнің маңыздылығын түсіндіру. Табиғат құбылыстарының маңызды белгілері мен қасиеттерін бөліп көрсету, олардың негізінде объектілерді жалпылау және топтастыру біліктерін | *1. Сурет салу*<br>Қазақ халқының өмірін, тұрмысын, еңбегін білдіретін қазақтың ертегілері мен аңыздарының желісімен суреттер салуға үйрету. Бейнелеу өнерінің бейнелеу құралдары туралы түсініктерін жетілдіру.<br>*2. Мүсіндеу*<br>Халық шеберлігінен шыққан ойыншықтармен таныстырып, оларды мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеудің түрлі тәсілдерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br>*3. Аппликация*<br>Халық кәсіптері, материалдар мен құралдар туралы түсінік беру. Зат бейнесін бөлшектерден құрастыру дағдыларын жетілдіру.<br>*4. Музыка*<br>Әнді жеңіл және қозғала жүріп орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыка сипатына сай таныс би қимылдарын қолдана отырып би ойлап табуға үйрету.<br>*5. Музыка*<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Дыбыстау тембріне қарай кейбір музыка аспаптарын (домбыра, асатаяқ) ажырата білуге үйрету. Жеке соқпалы аспаптарда әуендету ырғағын орындау дағдыларын қалыптастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Өз елінің тарихына қызығушылықты қалыптастыру, сүйіспеншілік және мақтаныш, Қазақстанның азаматы болуға қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстан Республикасы - көп ұлтты мемлекет, байырғы тұрғындардың және басқа ұлттардың өз мәдениеті (тұрмыстық заттар, киімдер және т.б.), салт- дәстүрі бар екендігі туралы ұғым беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Көрнекі материалдар негізінде қазақ халқының көшпенділік тұрмысын сипаттауға үйрету. Туған елді, оның тарихын қастерлеуге баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2 апта Туған өлкем** | **Дене шынықтыру**<br>1. Өкшемен жүру. Шалқасынан жатып шынтақтарымен аяқтарымен тіреп еңбектеу. Допты басынан асыра лақтыру.<br>2. Өкшеден аяқтың ұшна алмасып жүру. Допты басынан асыра лақтыру.<br>«Жыланша» еңбектеу.<br><br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>«Табиғат аясында» туған өлкедегі өсімдіктермен қарым-қатынас жасаудағы қауіпсіздікті сақтауды үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Туған өлкеге, елге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Сурет бойынша сюжетті әңгіме құрастыруға үйрету. Тілдің мәнерлілігін дамыту. Сөздегі дауыссыз дыбыстарды ажырату. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыс пен әріпті ажырата білуге үйрету. Дыбыстардың айтылу артикуляциясын дұрыс меңгерту. Сөз, сөйлем туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерге дыбыстық талдау жасатуды жалғастыру.<br>**3.Орыс тілі**<br>Расширять словарный запас и называть группы предметов ближайшего окружения, использовать слова обозначающие один и много предметов, называет некоторые свойства и цвета предметов, использовать в речи имена существительные единственного и множественного числа.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас воспитанников по заданной лексической теме.<br>**5. Шет тілі**<br>Коммуникация жағдаяттарын қолдануға: сәлемдесу мен қоштасу (Hello, Hi, Goodbye, See you); өтініш пен алғыс (Give me ..., please, Come in, please, Thank you); кешірім сұрау мен кешіру (I'm sorry, Excuse me, It's O.K.); тұрғылықты жері туралы ақпарат беруге үйрету.<br>**6.Драма**<br>Әртүрлі мәтіндерді қайталауда | *1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>16 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекі негізінде 16-ға дейінгі сандардың пайда болуымен таныстыру. Тура және кері санау.<br>*2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>Теңдік туралы түсінігі бар, топтардағы әртүрлі заттардың санының тең екендігін анықтайды, топтарды салыстыру және санау негізінде сандық мағынаны дұрыс жалпылайды, сандарды қосады және азайтады (біреуден, екеуден санау тәсілдері).<br>*3. Жаратылыс тану*<br>Бақылау қорытындыларын суреттермен және шартты белгілермен арнайы күнтізбе бақылауларда белгілеу қабілеттерін қалыптастыру. Күнделікті өмірде табиғат туралы білімнің маңыздылығын түсіндіру. | *1. Сурет салу*<br>Саусақтарды қыспай, қылқаламды көлбеу, еңкейтіп ұстап, бір бағытта жеңіл қимылмен, сызықтар жүргізе отырып, бейнелеуге үйрету. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды бірқалыпты орналастыра отырып қарапайым пішіндерде қазақ өрнектерін құрастыра білігін бекіту.<br>*2. Мүсіндеу*<br>Халықтық ойыншықтар желісімен бейнелер жасауға үйрету.<br>*3. Аппликация*<br>Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыруға үйрету. Қағазбен және қайшымен жұмыстың қарапайым тәсілдерін қолданып, қайшымен жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту.<br>*4. Музыка*<br>Әннің бастамасы және қайырмасын ажырату біліктіліктерін жетілдіру. Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында жеке ырғақтық суреттерді ойнауға үйрету. Би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.<br>*5. Музыка*<br>Қазақ халық аспаптарының дыбысталуымен таныстыру; түрлі қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; септима мен терция дыбыстарын ажырата білуге үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Туған өлкесінің тарихына қызығушылықты қалыптастыру; мейірімділік, ізгілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Қазақстан қорықтары және оның маңызы, орналасқан жері, қорықтарды құру туралы түсінік беру. Қорықтарда атқарылатын жұмыс түрлері, қамқорлыққа алынған жануарлар мен құстар жөнінде әңгімелеп беру. Өздері тұратын өңірдегі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қорық, оны мекендейтін жануарлар жайлы айтып беруге үйрету. Туған өлкенің табиғатын қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 3. апта Астана – Отанымыздың жүрегі | **Дене шынықтыру**<br>1. Әртүрлі қалыпта жүгіру. «Жылынша» еңбектеу.<br>Орнынан ұзындыққа секіру.<br>2. Кең адыммен алға және артқа жүру. Орнынан ұзындыққа секіру. Жүрелеп отыру және тұру кезінде тепе-теңдікті сақтау.<br>3. Аяқты алға қарай лақтырып жүгіру. Жүрелеп отыру және тұру кезінде тепе-теңдікті сақтау. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Еліміздің бас қаласы Астана туралы түсініктерін кеңейту. Зат есімдерді сын есімдермен және сан есімдермен байланыстыра білуді дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды бекіту.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес өлең оқу.<br>Өлеңді мәнерлеп, жатқа айтуды үйрету. Өлеңді оқу барысында түрлі интонацияларды, үзілістерді қолдануға, өлең мазмұнына деген қатынасын жеткізуге баулу. Сөздік қорды молайту.<br>**3. Сауат ашу негіздері**<br>Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсінуге үйрету. Зат есім, етістіктермен, сын есімдермен байланыстырып, күрделі сөйлемдер құрастыра білуді дамыту. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербальды емес қарым-қатынас құралдарын, сөздерді қолдану.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Сөз,сөйлем туралы түсініктерін кеңейту. Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерін бекіту. Ұзын және қысқа таяқшаларды, сирек сызықтарды салуда кеңістіктік қатынасты сақтауды, жазықтықта бағдарлауды белгілеуді үйрету.<br>**5. Орыс тілі**<br>Учить при помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; отвечать на вопросы по прослушанному тексту и самостоятельно задавать вопросы по данному материалу. | *1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>17 санымен таныстыру. Тура және кері санауға үйрету. Теңдік туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау.<br>*2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>Шартты өлшемдер арқылы заттың ұзындығы мен салмағы бойынша салыстыруды үйрету. Геометриялық дене кубпен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық пішін шаршыдан ажырата білуге жаттықтыру.<br>*3. Құрастыру*<br>Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту.<br>*4. Жаратылыс тану*<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар, қыстап қалатын (тоқылдақ, торғай, шымшық және т.б.) және жыл құстары (қарлығаш, бозторғай) туралы ұғымдарын қалыптастыру. | *1. Сурет салу*<br>Қазақтың оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту. Қазақтың ою-өрнегі бойынша өрнектерді құру барысында түстерді сезу қабілеттерін дамыту.<br>*2. Мүсіндеу*<br>Мүсіндеудің құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау) әдістерін қолдана білуге үйрету. Бекітудің тәсілдерін меңгертуді жалғастыру.<br>*3. Аппликация*<br>Ұлттық ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді (аяқ қап), әшекейлеуге үйрету. Сюжетке сәйкес түрлі заттарды қиып алып, жапсыру.<br>*4. Музыка*<br>Әндерді сахналауда түрлі бейнелерді көркем орындау іскерліктерін дамыту. Дауыс арқылы суырыпсалмалық қарапайым дағдылардықалыптастыру.<br>Қазақтың соқпалы аспаптарында анық және ретімен ойнауға үйрету.<br>*5. Музыка*<br>«Күй» жанрымен, композитор шығармасымен таныстыру. Музыка сипатын қимыл арқылы беру дағдыларын жетілдіру. Таныс әндерді шағын топпен орындауға үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Қазақстанның астанасын құрметтеуге және мақтан етуге, Қазақстанның нағыз азаматы болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Еліміздің бас қаласы – Астанадағы барлық ғимараттардың ерекшеліктерімен (Бәйтерек, Ақорда, Бейбітшілік және келісім сарайы ) және көрікті жерлерімен таныстыру. Астана туралы деректермен балалардың ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Балаларды өз отанын сүюге, елордамыз Астананы мақтаныш етуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4 апта Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)** | **Дене шынықтыру**<br>1. Тар адыммен алға және артқа жүру. Бір қолымен (8-10реттен кем емес) допты лақтыру. 5-6 м алға жылжып секіру. Орнынан ұзындыққа секіру.<br>2. Қысқа адыммен жүгіру. 5-6 м алға жылжып секіру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Тұратын жеріндегі ауа-райының маусымдық өзгерістерін ажыратуға үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың бойында Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту. Заттардың маңызды белгілерін бөле отырып, оларды қарау, салыстыру, сипаттауды бекіту.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Дыбыстардың айтылу артикуляциясын дұрыс меңгертуді жетілдіру. Сызықтарды салу әдісімен қысқа және ұзын таяқшаларды салуға үйрету.<br>**3.Орыс тілі**<br>1. Учить передавать содержание при помощи книг с картинками; совершенствовать умение использовать названные выражения, составлять предложения из двух-трех слов.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдыларын пайдаланып, түсті, көлемді қолданып, қоршаған ортаны сипаттай білуге үйрету.<br>**6.Драма**<br>Кейіпкерлердің көңіл-күйін түрлі мәнерлілік құралдарының сипатын бейнелей отырып, интонациялардың көмегімен бере білуге үйрету; қимылдарды музыкамен сәйкестендіруге баулу. Қарқынды, дауыс күшін сақтай отырып, сөз тіркестерін сөйлемдерді анық айту. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>18 санымен таныстыру. 18 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуге үйрету.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Құны 5, 10, 20 теңгелік ақшамен таныстыру (ажырату, жинақтау және ұсақтау). Көрнекілік негізінде заттар тобын, сандарды салыстыру (егер бір заттар аз, басқалары көп болса) біліктілігін дамыту.<br>*3.* **Жаратылыстану**<br>«Дене», «зат» туралы ұғымдарын қалыптастыру. Дененің заттардан тұратынын, бір немесе бірнеше заттардан тұруы мүмкін екендігі туралы түсінік беру. | *1.* **Сурет салу**<br>Қазақ мәдениетіндегі зергерлік, ағашты ойып, өрнектеу, киімге кестелеп және алтынмен тігу өнерлері туралы түсінік беру. Бейнелеу техника дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Топтық жұмыстарды орындауға үйрету. Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру.<br>*3.* **Аппликация**<br>Халық өнері туралы түсінік беру. Тұрмыстық бұйымдарды халық өрнектерімен безендіру біліктіліктерін дамыту.<br>*4.* **Музыка**<br>Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдауға үйрету. Музыканы тыңдап, түсіну, оның сипатын, жоғары регистрін ажырату дағдыларын қалыптастыру.<br>*5.* **Музыка**<br>Таныс музыкалық аспаптарды дыбысталу тембрі бойынша ажыратуға үйрету. Қазақ биінің қозғалыстарын үйретуді жалғастыру. Қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру дағдыларын жетілдіру. | **Өзін-өзі тану**<br>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, Қазақстанның азаматы болуға баулу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Табиғатта өзін ұстай білудің ережесімен таныстыру, қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды үйрету. Өзін-өзі қорғай білуге, кез келген жағдаяттардан шешім табу арқылы шыға білуге үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Табиғат әлемі (Қаңтар)** | **1 апта Айналамыздағы өсімдіктер** | **Дене шынықтыру**<br>1.Жүрелей отырып жүру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру.<br>Жүгіріп келіп биіктікке секіру.<br>2. Сапта біреуден жүгіру. Жүгіріп келіп биіктікке секіру. Заттың астынан еңбектеу.<br>3.Шектелген жазықтықпен жүру. Заттың астынан еңбектеу. Допты заттардың арасымен домалату. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Өсімдіктер әлемі оның түрлері, олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Оларға ұқыпты қарауға баулу. Суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыруды дамыту. Фонематикалық естуді дамыту, дыбыстың сөздегі орнын анықтау.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Әңгіме оқу<br>Тыңдалған материалды иллюстрациялар бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндауға үйрету. Шағын мәтіндерді мазмұндап беруде сөйлемдерді дұрыс құрастыруды жетілдіру. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**3. Сауат ашу негіздері**<br>Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазуға үйрету. Сөйлемнен сөздерді, сөздерден дыбысты бөліп алуды жетілдіру. Өсімдіктердің атауларына дыбыстық талдау жасау және оларды қатыстырып сөйлем құрастыру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қоюға үйрету : нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі. Сөйлемдерден сөздерді, сөздерден дыбыстарды бөліп көрсету. Шағын мәтіндердің мазмұны бойынша қойылған қарапайым сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить понимать и составлять при помощи наглядного материала короткие, простые предложения; писать элементы букв. | *1.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Көрнекі негізінде 19-ға дейінгі сандардың пайда болуымен таныстыру. 19-ға дейін тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қарапайым таразының көмегімен заттардың салмағын тексеруге үйрету. Дүкенде қолданылатын таразымен таныстыру.<br>*3. Құрастыру*<br>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. Мақсатты түрде, өз бетімен, шығармашылық жасай білуге үйрету.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Өсімдіктің тірі табиғат бөлігі екендігін анықтай отырып, өсімдік тіршілігіне қажетті жағдайлар туралы түсінік беру. Өздеріне тән белгілері бойынша ағаштар мен бұталардың бірнеше түрлерін атап, ажырату біліктіліктерін дамыту. | **1. Сурет салу**<br>Түстердің үйлесімділігін беру үшін қағаздың түсін іріктеу және бояуларды құрамдастыруды, жылы және суық түстерді, әртүрлі түстерді негізгі түске сәйкес үйлестіріп қолдануды; бояу тақтайшасында түстерді араластыра білу біліктерін жетілдіру.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Мүсінделген пішіннің бөліктерін нықтап бекітіп, олардың біреуін екіншісіне қосып, бекітілген жерді тегістеугеі, саусақтардың қимылымен немесе кескішпен пішіннің бетін жөндеуге үйрету. Мүсіндеудің үйреншікті әдістері мен біліктіліктерін жаттықтыру.<br>**3. Аппликация**<br>Өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыруға үйрету. Қиып алудың негізгі түрлерін игеру дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық шығарманың сипатына қарқынның өзгеруіне сәйкес ән салуға үйретуді жалғастыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын жетілдіру. Ән айтуды музыка басталғаннан кейін бастауға үйрету.<br>**5. Музыка**<br>Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамытуды жалғастыру. Ансамбльмен әннің бастамасын орындау қабілеттерін дамыту. Аспаптардың дыбысталуын ажырату дағдыларын қалыптастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Тірі табиғат құбылыстар ын бақылай білуді қалыптастыр у, қоршаған табиғаттың әсемдігін қабылдауға және оған қамқорлықп ен қарауға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Туған өлке табиғатыны ң сұлулығыме н таныстыру. Туған өлке климаты мен табиғатыны ң ерекшелікте рі (өзендер, көлдер, ормандар) туралы түсініктерін қалыптастыр у. Туған елінің көрінісін қағазға түсіре білуге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2. апта Жануарлар әлемі | **Дене шынықтыру**<br>1. Сапта екеуден жүгіру. Допты заттардың арасымен домалату.<br>Заттардың арасымен (биіктігі 30-35 см) еңбектеу.<br>2. Қайта сап түзеу. Заттардың арасымен (биіктігі 30-35 см) еңбектеу. Шыр айналуда тепе-теңдікті сақтау.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Жабайы аңдар мен үй жануарлары» аңдар мен жануарлармен қарым-қатынас жасауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Жануарлар және олардың түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Өздігінен оқиға ойлап табуға үйрету. Берілген сөзге сөйлем құрастыруға жаттықтыру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазуды одан әрі дамыту. Графиктік сызба бойынша сөйлем құруға, суретке сәйкес сөйлемді өзгертуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау (жануарлар, олардың төлдерінің атаулары).<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы прослушанного материала жестами (например, кивком головы); уметь отвечать на вопросы по прослушанному тексту.<br>**4. Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдыларын пайдаланып, аңдарды атауға және қысқаша сипаттай білуге үйрету.<br>**6.Драма**<br>Бір - бірімен келісе отырып, рөлдерді бөлісе білуді жалғастыру. Топпен жұмыс жасау дағдыларын, дауыс күшін сақтай отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдерді анық айтуды жетілдіру. | *1.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>20 санымен таныстыру. 20 көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Бүтін мен бөлікті салыстыруға, бүтіннің бөлігін атай білуге жаттықтыру. Цилиндрмен таныстыруды жалғастыру.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға қажетті құралдар туралы түсінік беру. Үй және жабайы жануарлардың: сыртқы келбетіне және жыл мезгілінің әр кезеңіндегі тіршілік әрекетіне тән ерекшеліктері туралы біліктерін қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Әртүрлі жануарлардың өздеріне тән ерекшеліктерін беру біліктілігін дамыту. Қажетті түсті алу үшін қарындашты әртүрлі басып қолдануға үйрету.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Дененің үйлесімділігін сақтай отырып жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеудің әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Түстің ашықтығын салыстыруды қолдана отырып, ырғақ, симметрия заңдылығы бойынша жануарлардың пішіндерін қиып алып, біріктіруге үйрету. Қиып алудың түрлі тәсілдерін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Динамикалық ерекшелікті бере отырып эмоциялды ән айтуға, демді дұрыс алуға үйрету. Фортепианоның сүйемелдеуімен балаларға арналған музыкалық аспаптарда ансамбльде ойнау дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Балаларға арналған ұрмалы аспаптарда қарапайым әндердің ырғағын ансамбльмен әннің бастамасын орындау біліктілігін дамыту. Ән айтудың бастапқы дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Жануарларға қамқорлық танытуға, олармен қарым-қатынас жасауда қуанышқа бөленуге, оларға қамқорлық танытуда жауапкершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Табиғат бұрышындағы жануарлар (қалтауыз, теңіз шошқасы, тасбақа, балықтар, құстар және т.б.) туралы түсінік беру. Жануарлардың тигізетін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жануарлардың тіршілігі туралы мағлұмат бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Құстар – біздің досымыз** | **Дене шынықтыру**<br>1.Аяқтың ұшымен тұрған қалыпта жүру. Шыр айналуда тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғамен қарқынды өзгерте отырып өрмелеу.<br>2. Қайта сап түзеу-біріншіден екіншіге ауысу. Гимнастикалық қабырғамен қарқынды өзгерте отырып өрмелеу. Секірпемен секіру.<br>3. Әртүрлі бағытта жүгіру. Секірпемен секіру. Допты бір-біріне төменнен аяқтарын әртүрлі қалыпта қойып отырған жағдайда домалату. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Құстар олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Сөздікті байыту. Заттардың өздеріне тән белгілерін бөле отырып сұрақтарды дұрыс қоюға үйрету. Жұмбақтар шешу, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Көркем шығарманың мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге, шығарма мазмұнын байланыстырып және бірізділікпен қайталап айтуға үйрету. Қойылған сұрақтарға толық және нақты жауап бере білуді дамыту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемнің басын тік сызықтардың және тіктөртбұрыштың, сөзді тіктөртбұрыштың және таңбалардың (нүкте, леп және сұрау белгілері) көмегімен бейнелеуге үйрету. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыстар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Берілген сызба бойынша түрлі тыныс белгілерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің интонациясын бере білу дағдыларын дамыту.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить передавать содержание при помощи рисунков элементарных узоров. Обучать умению слушать и понимать материал данный на русском языке; называть некоторые свойства и цвета предметов; писать элементы букв<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный | *1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>1 ден 20-ға дейін тура және кері санау дағдыларын дамыту. Теңдік және теңсіздік <, > белгілері туралы ұғымдарын бекіту.<br>*2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру*<br>Шартты өлшемді қолдана отырып, заттарды көлемі бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Затты бірнеше тең бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру біліктіліктерін дамыту.<br>*3. Құрастыру*<br>Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен құстардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.<br>*4. Жаратылыс тану*<br>Қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын қалыптастыру. Оларды белгілеріне қарай ажырату және қыстап қалатын, жыл құстары деп атай білуге үйрету. | *1. Сурет салу*<br>Элементтерді пішіндер мен сұлбалардың ортасы мен шеттеріне орналастыра білуге үйрету. Бөліктерінің орналасуы мен түсін бейнелеуде балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.<br>*2. Мүсіндеу*<br>Кескішті қолдана отырып пішіннің бетін безендіруге; тұғырда бұйымды орналастыру техникасын үйрету. Композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.<br>*3. Аппликация*<br>Құстардың пішінін қиып алуға және біріктіруге үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында нысандардың көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.<br>*4. Музыка*<br>Балаларға арналған музыка аспаптарын (металлофон, ксилофон,) ажырату қабілеттерін жетілдіру. Музыканы орындау барысында тілдік дағдыларын дамыту. Шығарманың түрін тыңдап, сипаттай білуге үйрету.<br>*5.Музыка*<br>Ырғақ суретін бере отырып, үйлесімді, әннің бастамасын ойынмен сүйемелдеп ойнау қабілеттерін дамыту. Ырғақтық сипатты, әуендік айналымды байқау дағдыларын жетілдіру. Қимылды музыкамен сәйкестендіріп, қарапайым би қимылдарын орындау | **Өзін-өзі тану**<br>Құстарға қамқорлық танытуға баулу, олармен қарым-қатынас жасауда қуанышқа бөленуге, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балалардың көлік туралы білімдерін кеңейту, көлік түрлерімен таныстырып, олардың атауларын меңгерту. Көліктердің нақтылы атқаратын қызметі (суаратын машина, жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қар тазалайтын машина) жайлы білімдерін кеңейту. балалардың Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4. апта Ғажайып қыс** | **Дене шынықтыру**<br>1. Жартылай отырған қалыпта жүру. Допты бір-біріне төменнен аяқтарын әртүрлі қалыпта қойып отырған жағдайда домалату. Гимнастикалық скамейкамен жүруде тепе-теңдікті сақтау.<br>2. Екеуден сапқа тұру. Гимнастикалық скамейкамен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Құрсау арқылы секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Табиғат аясында қыста, қарда, суықта қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін тиянақтау, жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістерді бақылап ажырата білуге, қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін, жаңа жыл туралы әңгімелеп айту арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. Жеке тәжірибесінен әңгіме құрастыруды жетілдіру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Әріптер туралы білімдерін кеңейту, олардың бейнесін мүсіндеуді жетілдіру. Сөйлемдер мен сөздердің сызбасын оқып, сөйлемдегі сөз санын, сөздегі буын санын анықтау. Фонематикалық естуді дамыту.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить самостоятельно высказывать на русском языке 2-3 предложения; демонстрировать понимание слов детей и педагога репликами; отвечать на вопросы и задавать их; использовать в речи имена существительные единственного и множественного числа; писать элементы букв.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдылары арқылы әннің мәтінін қайталауға, ым-ишараны пайдалануға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Бейтаныс аудиторияның алдында сөйлей білуге үйрету.<br>Көрермендердің алдында театр | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Бірнеше белгілерге бағдарлана отырып, үлгі бойынша нысандарды іріктей алуға үйрету. Геометриялық фигуралар мен денелерді ажыратып, атауға және модельдеуге жаттықтыру.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Сан заттардың көлеміне, олардың арасындағы ара қашықтыққа, кеңістікте орналасуына және санау бағытына (солдан оңға немесе оңнан солға) тәуелді еместігі туралы біліктілігін дамыту. Уақыт түсініктерін (кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні) ажырата білуге жаттықтыру.<br>*3.* **Жаратылыстану**<br>Табиғат құбылыстары: шық, қырау, бұршақ, сүңгі, тамшы, жылымық туралы түсінік беру. Қыс мезгілің ерекшеліктерімен таныстыру. | **1. Сурет салу**<br>Затқа қарап, пішінін, заттардың қатынасын, бөліктерінің орналасуы мен түсін бейнелеуде шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Сызықты контурдың сыртына шығармай сурет салуға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Дәстүрден тыс құралдарды, мүсіндеуге арналған заттарды (бұйымдарды) қолдана білуге үйрету. Пайдаланатын материалдарға және құралдарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Бейнені мәнерлі беру үшін сұлбалық кесу мен жұлмалау жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қағазбен және қайшымен жұмыстың қарапайым тәсілдерін қолданып, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**4. Музыка**<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді дауыс көмегімен суырыпсалу дағдыларын қалыптастыру. Ырғаққа сай мәнерлі қимылдауға үйрету. Аспаптық музыкаға қызығушылық дағдыларын дамыту.<br>5. **Музыка**<br>Қол ұстаса әндетіп жүру іскерліктерін дамыту. Театр қойылымы барысында түрлі бейнелерді көркем орындау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ ұрмалы аспаптарда ойнаудың бастапқы дағдыларын игерту. | **Өзін-өзі тану**<br>Табиғатты бақылауды, оның бояулары мен ренктерін ажыратуды қалыптастыру, туған өлкенің табиғатына танымдық қызығушылығын дамыту, оған мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Балаларды жердің маңызымен таныстыру. Жердің қадірін, байлығын бағалай білуге, туған табиғатты сүюге және қамқорлық, жанашырлық сезімге баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Біздің қоршаған әлем (Ақпан)** | **1 апта Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары)** | **Дене шынықтыру**<br>1.Әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, жүгіру. Құрсау арқылы секіру. Допты тордың үстінен лақтыру.<br>2. Белгі бойынша тоқтап жүру. Допты тордың үстінен лақтыру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау.<br>3. Кедергілерден өтіп жүгіру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау. 5-6 м алға жылжып секіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Күнделікті өмірдегі өлі табиғат денелері мен заттары туралы түсініктерін кеңейту. Сюжетті картиналар бойынша тақырыпқа сәйкес әңгіме құрастыруға үйрету. Біртекті заттарды топтастыру үшін жалпылаушы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Әңгіме оқу<br>Көркем шығарманың мазмұнын айтып беруді, тыңдалған материалды иллюстрациялар бойынша оқиға жүйесін сақтап, баяндауды тиянақтау. Шығарманың жанрын анықтай алуды жетілдіру. Шығарма мазмұнындағы жаңа сөздер арқылы сөздік қорды толықтыру.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөз және сөйлем туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлеген сөздің ішінен жеке сөйлемдерді тыңдай білу.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты дыбыс ерекшелігін түсіндіру. Жаттығулар орындату арқылы дауысты дыбыс туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить понимать и составлять при помощи наглядного материала короткие, простые предложения; писать элементы букв; пользоваться обобщающими словами.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Аптадағы күндер мен жыл айларының санын үйрету. 1-ден 20-ға дейінгі сандар тізбегінде қалып қойған санды атау біліктілігін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Уақытты үнемдей білу, уақытқа сәйкес өзінің әрекетін реттеу; белгілі уақыт аралықтарының ұзақтығын ажырату (1 минут, 10 минут, 1 сағат), сағат бойынша 1 сағатқа дейінгі уақытты дәл анықтай білуін дамыту.<br>**3. Құрастыру**<br>Ұсақ-түйек заттарды жасауда шығармашылық қиялын, көрнекіліктер қолдану арқылы жасай білуді дамыту. Ұсақ-түйектерді толықтыру және артықтарын ала білуге үйрету.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Өлі табиғатқа жататын денелер мен заттарды анықтауға, күнделікті өмірдегі өлі табиғат денелері мен заттарының қолданылу аясын атауға үйрету. Таза ауаның және судың маңызы туралы | **1. Сурет салу**<br>Қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуі мен затқа қарап, пішінін, заттардың қатынасын, бөліктерінің орналасуы мен түсін бейнелеуде балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Заттарды халық ертегілерінің желісі бойынша табиғи материалдардан сәндік элементтерді қолдануға, оны безендіруге үйрету.<br>*3.* **Аппликация**<br>Кеселерге арналған қаптарды әшекейлеуге үйрету. Түсті, бояуды, композицияны сезінулерін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Музыка**<br>Балаларға арналған қазақ халық әндерін орындауға үйрету. Ұрмалы-шулы аспаптарда музыка ойнау дағдыларын дамыту. Би бейнелерін қолдана отырып, би қимылдарын бере білу біліктіліктерін жетілдіру.<br>**5. Музыка**<br>Сипаты қарама-қайшы қарапайым әуендерді балаларға арналған музыка аспаптарының көмегімен суырыпсалу дағдыларын қалыптастыру. Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Табиғатты бақылауды, оның бояулары мен ренктерін ажыратуды қалыптастыру, табиғатқа танымдық қызығушылығын дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке және оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балаларға ауа көліктері (ұшақ, тік ұшақ, зымыран) туралы түсінік беріп, олардың маңызын түсіндіру.<br>. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 апта. Көліктер | **Дене шынықтыру**<br>1. Жүрелей отырып жүру. 5-6 м алға жылжып секіру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру. Допты заттардың арасымен домалату.<br>2. Сапта біреуден жүгіру. Допты заттардың арасымен домалату.<br>Жүгіріп келіп биіктікке секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Көліктер» көшедегі қауіпсіздік ережелерін, бағдаршам, «жаяу жүргінші» белгілерін ажыратуға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Көшедегі көліктер» көліктер және олардың түрлері туралы түсініктерін кеңейту. Заттардың өздеріне тән ерекшеліктеріне сәйкес сұрақтар қою және оған жауап беру. Сөйлемді сөздерге жіктеу. Оларды сызбамен сызып көрсету.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Берілген дыбысқа сөздер ойлап айтып, талдау; сөйлем, сөз туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың сөйлеуін дамыту.<br>Сурет арқылы заттың атауын білу, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**3.Орыс тілі**<br>При помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; использовать в речи часто повторяющиеся слова; писать элементы букв; расширять словарный запас обобщающими словами.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды пайдаланып, шетел тіліндегі тілді түсіну және үлгілік әдеп жағдайларында: ойын кезінде тілдесе білу білігін дамыту.<br>**6.Драма**<br>Мәнерлі және ырғақты қимыл-қозғалыс, өз қимылдарын музыкаға сәйкес басқара білу дағдыларын меңгерту. Дене қимылы арқылы өзінің эмоционалдық күйін бере білуге үйрету. Қимылды ырғақпен үйлестіруге, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіруге баулу. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қарапайым арифметикалық тапсырмалар құрап, оларды шешуге үйрету. 20 көлеміндегі сандар мен цифрларды, оларды тура және кері санау дағдыларын бекіту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешуге жаттықтыру. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру дағдыларын дамыту.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Қозғалмалы заттар әлемінде өмір сүретініміз туралы түсінік беру: машиналар жүреді, кемелер жүзеді және т.б. Заттарды қозғалысқа келтіретін күштер бар екендігін түсіндіру. | **1. Сурет салу**<br>Көліктердің суретін салуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу тәсілдерін (жағу, малу) қолдануды жетілдіру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Ұжымдық мүсіндеуді орындау барысында алынған білік пен дағдыларды қолдануға үйрету. Топтық жұмыстарды орындау дағдыларын жетілдіру.<br>**3. Аппликация**<br>Қағазды қатпарлап және симметриялық формадағы екіге бүктелген бірнеше бірдей форманы бірден қия отырып, сұлбаларды безендіруге үйрету. Қағазбен және қайшымен жұмыстың қарапайым тәсілдерін қолданып, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>***4.* Музыка**<br>Музыкалық ойындар ойнау, қол ұстаса әндетіп жүріп, би қимылдарын орындау дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым жанрларды (күй, өлең,) ажырату біліктіліктерін жетілдіру.<br>**5. Музыка**<br>Балаларға арналған музыка аспаптарында ән салуға үйрету. Пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Белгілеріне тән музыкалық жанрларды ажыратып, атау. | **Өзін-өзі тану**<br>Балалардың мейірімді сөздер және олардың күнделікті өмірде қолданылуы туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Экология негіздері**<br>Ауаның, тіршілік үшін маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Өлі табиғат туралы алған білімдерін жетілдіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Электроника әлемі** | **Дене шынықтыру**<br>1.Шектелген жазықтықпен жүру. Жүгіріп келіп биіктікке секіру. Заттың астынан еңбектеу.<br>2. Сапта екеуден жүгіру. Заттың астынан еңбектеу.<br>Допты заттардың арасымен домалату.<br>3. Қайта сап түзеу. Заттардың арасымен (биіктігі 30-35 см) еңбектеу. Шыр айналуда тепе-теңдікті сақтау. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Электр құралдары туралы түсініктерін кеңейту. Тақырыпқа сәйкес әңгіме құрастыру. Өз ойларын толық, реттілікпен, мәнерлі интонация мен бейнелі сөз тіркестерін қолданып беруге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Тұрмыстық техника туралы әңгімелеп беру**.**<br>Көркем шығарманың мазмұнын жүйелі және мәнерлі айта білуге үйрету. Қатысушы тұлғалардың диалогтерін түрлі интонациямен беруді, мазмұндауда үзілістерді қолдануды жетілдіру.<br>Ұйқастыруларды қолданып, әңгіме құрастыру.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем, сөз құрастыру және оны талдауға үйрету. Дыбыстардың айтылу артикуляциясын дұрыс меңгерту. Сөздерге дыбыстық талдау жасатуды жалғастыру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Өткен дыбыстарды қайталау арқылы білімдерін пысықтау. «Жоғалған буын» ойынын ойната отырып, сөздер ойлап, оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуді дамыту. Қарапайым жиектерді штрихтап салу арқылы қолдарын жазуға дайындау.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить внимательно слушать собеседника и отвечать короткими фразами; составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений; писать элементы букв; ориентироваться на межстрочном | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге үйрету. Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу.<br>*2*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттарды көлеміне қарай өсу және кему ретімен орналастыру дағдыларын қалыптастыру. «+» таңбасын заттар санын біріктіретін белгі ретінде және « - » таңбасын заттар санын азайту белгісі ретінде түсініп, қолдану біліктіліктерін дамыту.<br>*3*. **Құрастыру**<br>Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орната білуге үйрету; жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау біліктерін дамыту.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Адам қолымен жасалған заттарға ұқыпты қарау біліктілігін дамыту. Телефон, компьютер, теледидар, радионың маңызы туралы және оларды қолданудың кейбір | **1. Сурет салу**<br>Қарапайым геометриялық пішіндерді қолдану арқылы негізгі форманы, заттардың бөліктерін, үйлесімділігін салуға үйрету. Құралдармен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсіндеудің үйреншікті әдістері мен біліктіліктерін жаттықтыру арқылы заттардың өлшемдік қатынастарын дұрыс бере білуге үйрету. Шығармашылықпен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.<br>*3*. **Аппликация**<br>Бейнені мәнерлі беру үшін сұлбалық кесу мен жұлмалау жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Балаларды жапсыруда мазмұндық композиция құру біліктілігін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Музыка**<br>Орыс халқының би элементтерін орындау қабілеттерін жетілдіру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау іскерліктерін дамыту. Аспаптардың жоғары регистр, дыбысталу ырғағын ажырата білуге үйрету.<br>*5*. **Музыка**<br>Асатаяқ, тоқылақ музыкалық аспаптар туралы қарапайым түсініктер беру. Жеңіл әуендерді кіші ансамбльмен уақытында қосылып ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау қабілеттерін жетілдіру. Әуенді ойынмен бірге сүйемелдеуге үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Балалардың қарым-қатынас қуанышы туралы түсініктерін кеңейту; адамдарға деген мейірімді және қамқорлық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Байланыс құралдарының (радио мен теледидардың, компьютердің, телефонның) адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Олардың атқаратын қызметтері мен оларды қолданудың ережелері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4 апта Мамандықтың бәрі жақсы** | **Дене шынықтыру**<br>1. Аяқтың ұшымен тұрған қалыпта жүру. Шыр айналуда тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғамен қарқынды өзгерте отырып өрмелеу.<br>2. Қайта сап түзеу-біріншіден екіншіге ауысу. Гимнастикалық қабырғамен қарқынды өзгерте отырып өрмелеу. Секірпемен секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Менің әлемім»<br>Электр құралдарын, газды, суды қолдануды үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Мамандықтың түрлері олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Тақырып бойынша сипаттау әңгімесін құру дағдыларын дамыту. Өз ойларын пайымдау түрінде жеткізуге үйрету. Тілдің интонациялық мәнерлігін беруге үйрету. Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін ажырата білуді жетілдіру. Сөздерден дауыссыз дыбыстарды тауып, оларға талдау жасату. Мамандықтар туралы сөйлемдер құрастыру. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің интонациясын бере білу дағдыларын дамыту.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы прослушанного материала и самому задавать вопросы по данному материалу; определить количество звуков в слове; писать элементы букв; ориентироваться на межстрочном пространстве.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме.<br>**5.Шет тілі**<br>Лексикалық-тақырыптық саладағы сөздік қорды киімдердің атауларымен кеңейту. Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі сөздерді пайдалануға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Шығарма желісі бойынша кейіпкердің рөлін орындауға үйрету, оқиғаларды бірізді орындап, өзінің іс-қимылын серіктесінің іс- | *1*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Жоспармен, сызбамен, бағдармен, картамен таныстыру. Сурет, жоспар, сызба түрінде нысандардың арасындағы кеңістік қатынастарды үлгілеу қабілеттілігін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттар санау біліктіліктерін дамыту. Кез келген саннан бір санды кемітсе одан бұрынғы (алдындағы) сан шығатынын түсіндіру.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Өндірісте адамдардың еңбегін жеңілдететін және тұрмыста жайлылық жасайтын заттар туралы түсініктер беру (мысалы, миксер, калькулятор, роботтар, компьютер, машиналар, көтергіштер және т.б.). | **1. Сурет салу**<br>Бір мазмұнға біріктіре отырып, адамдардың еңбегін бейнелей білуге үйрету. Еңбек гигиенасын, құралдармен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын жетілдіру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Сюжеттерде түрлердің ерекшеліктерін, қимыл-қозғалысын, фактурасын жасай білу шеберлігін қалыптастыру.<br>*3*. **Аппликация**<br>Түстің ашықтығын салыстыруды қолдана отырып, безендірудің түрлі элементтерін қиып алып, біріктіру дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық мамандықтармен (орындаушы, әнші) таныстыру. Музыканың сипатына сәйкес ырғақпен қозғалу дағдыларын жетілдіру. Фортепианоның сүйемелдеуімен жалғыз айту, оны металлофонда ойнауға үйрету.<br>**5. Музыка**<br>Марш сипатын анық ырғақтық жүріспен беру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру іскерліктерін дамыту. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Балалардың ересектер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту; олардың еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Қоршаған ортаны сақтауда экологиялық факторлар туралы білімдерін тереңдете отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Қалалардағы өнеркәсіп, зауыт, кен байыту салаларының пайдасы мен зиянын туралы түсінік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Салттар мен фольклор (Наурыз)** | **1 апта Қазақтың салттары мен дәстүрлері** | **Дене шынықтыру**<br>1. Әртүрлі бағытта жүгіру. Секіртпемен секіру. Допты бір-біріне төменнен аяқтарын әртүрлі қалыпта қойып отырған жағдайда домалату.<br>2. Жартылай отырған қалыпта жүру. Допты бір-біріне төменнен аяқтарын әртүрлі қалыпта қойып отырған жағдайда домалату. Гимнастикалық скамейкамен жүруде теп-теңдікті сақтау.<br>3. Екеуден сапқа тұру. Гимнастикалық скамейкамен жүруде теп-теңдікті сақтау. Құрсау арқылы секіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Қазақтың салт-дәстүрлері туралы алған білімдерін пысықтау. Сөздік қорды етістіктің түрлерімен, сын есімдермен толықтыру. Сөйлеуде фольклордың кіші жанрларын интонациясына сәйкес дәл, дұрыс мәнерлі қолдануды үйрету. Жаңылтпаштарға қызығушылықты ояту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Халқымыздың салт – дәстүрлері туралы түсініктерін дамыту. Өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізуге үйрету. Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге, сөздерден және сөйлемдерден осы дыбыстарды бөліп көрсетуге жаттықтыру. Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту.<br>**4.Сауат ашу негіздері**.<br>Сөздегі дыбыстарды және олардың белгілерін ажыратып, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды салыстырып, оларды дұрыс атауға үйрету. Дыбыстардың әріппен белгіленуін салыстырып, белгілі бір дыбысты сөздерді айтуды дамыту. Дыбыстарды анық, дұрыс айтуды жетілдіру.<br>**5.Орыс тілі**<br>При помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; объяснять значение | *1*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Кез келген санды бір санға арттырса одан кейінгі сан шығатынын түсіндіру. 1-ден 20-ға дейінгі сандар тізбегінде қалып қойған санды атау іскерліктерін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Шартты өлшеудің көлемі арқылы өлшеуге үйретуді жалғастыру (өлшеу қорытындысының тәуелділігі). Есте сақтау, есту, назар салу, ойлау операциясын жетілдіру; логикалық тапсырмалар, жұмбақтар шешу.<br>**3. Құрастыру**<br>Қағазды қатпарлап бүктеуге және симметриялық пішіндерді кесуге, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып көлемді формадағы жазық материалды өзгерте білуге үйрету. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру.<br>*4*. **Жаратылыстану**<br>«Жарық» туралы ұғымдарын қалыптастыру. Жарық көздерін (от, күннің көзі, шырақ) атап, ажырату | **1. Сурет салу**<br>Қазақтың оюларының ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып құрастыра білу іскерліктерін дамыту. Түрлі халықтардың қолданбалы өнеріне тән өрнектердің элементтерімен және түстердің үйлесімділіктерімен таныстыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Кескішпен тұтас бөліктен мүсін жасауға үйрету. Мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Аналар мен әжелерге сыйлықтарды өз ойынша безендіруде жапырақтар мен гүлдерден өрнектер құрастыруға үйрету. Нысандардың көлемін, пішінін, бөліктерін, құрылымын ескере отырып, оларды бірізділікпен жапсыру біліктілігін дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Қазақстан композиторларының шығармаларымен таныстыруды жалғастыру. Қазақтың соқпалы аспаптарында анық және ретімен ойнай білуді бекіту: асатаяқ, тоқылақ, қоңырауы бар жыланбас. Таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен өз бетімен орындау дағдыларын жетілдіру.<br>**5. Музыка**<br>Қазақтың халық әндері мен би музыкаларының үздік үлгілерін тыңдау біліктіліктерін жетілдіру.<br>Ән айтудың бастапқы дағдыларын | **Өзін-өзі тану**<br>Түрлі халықтардың салт-дәстүрлеріне қызығушылық пен сыйластықты, қазақстан халқына мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақ халқының салт – дәстүрлері мен әдет - ғұрпы туралы кең көлемді мағлұмат беру. Балаларды салт - дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, қонақжайлылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br>. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Фонетикалық  мысалдар және интонацияретіндегі сөздерді пайдалануға үйрету. | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2апта Ертегілер елінде. Театр әлемі | **Дене шынықтыру**<br>1.Әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, жүгіру. Құрсау арқылы секіру. Допты тордың үстінен лақтыру.<br>2. Белгі бойынша тоқтап жүру. Допты тордың үстінен лақтыру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау.<br><br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері<br>«Менің қауіпсіз әлемім» ертегі кейіпкерлерінің көмегімен қоршаған ортадағы қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша өткен дағдыларды пысықтау | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Ертегілер еліне саяхат» саяхат арқылы театр әлемі туралы түсініктерін кеңейту. Өз ойларынан ертегілер құрастыру. Шығармашылықпен әңгімелеу дағдыларын дамыту. Сөздік қорды әртүрлі заттардың атауларымен толықтыру. Сөйлеуде құрмалас сөйлемдерді, бейнелі теңеулерді қолдануды жетілдіру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Жаттығулар орындату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар, сөйлем туралы білімдерін жетілдіру. Ертегі құрастырып, олардың мазмұнын жүйелі түрде жеткізуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, жалпы ой-өрісін дамыту.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить вступать в диалог с педагогом и сверстниками; расширять словарный запас при назывании предметов, упражнять ориентироватся на странице прописи.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздерді пайдаланып, ғажайып және ертегілер әлемі бойынша сөздік қорды байыту<br>**6.Драма**<br>Сюжеттік-рөлдік ойындарға қатысуға баулу. Мимика, ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып, таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Көлемі бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай білу дағдыларын дамыту. Байқау, есту, назар аудару, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Апта күндері туралы түсініктерін бекіту. Сандар мен апта күндерінің сәйкестігі туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>*3*. **Жаратылыстану**<br>Магниттің қасиеттері және күнделікті өмірде адамның магнитті пайдалану жолдары туралы ұғымдарын қалыптастыру. Электрдің табиғи көздерін атау: найзағай, көптеген балықтар электрді қорғану және қорегін іздестіру үшін қолданады (электрлі скат - қорғану үшін, акулалар - қорегін іздестіру үшін). | **1. Сурет салу**<br>Заттарды, олардың кеңістіктік арақатынасына сәйкес бейнелеу дағдыларын дамыту. Қазақ халқының өмірін, тұрмысын, еңбегін білдіретін қазақтың ертегілері желісімен суреттер салуға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін (мұрын, ауыз, көз) жасай білуге үйрету. Мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауда қарапайым білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Жырту, қиып алу әдістерімен түрлі ертегілердегі бейнелерді жасай отырып, қарапайым заттарды жапсыруға үйрету. Жұмыс орнын және жұмыс барысында құралдарды өздігінен ретке келтіру.<br>**4. Музыка**<br>Мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен фразалардың соңын жұмсартып айтуға үйрету. Музыканы тыңдау және орындау барысында тілдік дағдыларын дамытуды жалғастыру. Балаларға арналған музыка аспаптарында ойнау арқылы қол моторикасын дамыту.<br>**5. Музыка**<br>Шығарманың түрін тыңдап, сипаттау дағдыларын жетілдіру. Музыкалық жанр марш туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға арналған ұрмалы аспаптарда қарапайым әндердің | **Өзін-өзі тану**<br>Адамгершілік қасиеттер туралы білімдерін нақтылау: мейірімділік, қамқорлық, елгезектік; мейірімді әрекеттер жасауға талпынысын дамыту.<br><br>**Экология негіздері**<br><br>Құстардың пайдасы жайлы мағлұмат беру, табиғат бұрышындағы құстарға күтім жасату арқылы оларға қамқорлық жасауға, қорғауға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Өнер көзі халықта** | **Дене шынықтыру**<br>1. Кедергілерден өтіп жүгіру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау. 5-6 м алға жылжып секіру.<br>2. Жүрелей отырып жүру. 5-6 м алға жылжып секіру. Гимнастикалық орындықтың бойымен бір қырындап адымдап жүру. Допты заттардың арасымен домалату.<br>3. Сапта біреуден жүгіру. Допты заттардың арасымен домалату.<br>Жүгіріп келіп биіктікке секіру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Адамдардың қолдан жасаған қолөнер бұйымдары туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерді анық және дауыстап айтуды жетілдіру. Сөйлеуде бейнелі теңеулерді, синонимдер мен антонимдерді қолдана отырып, сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Қазақ оюларының түрлері, зергерлік бұйымдар туралы түсінік беру.<br>Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға, мәнерлілік құралдарын анықтауға үйрету. Суреттер бойынша әңгіме құрастыра білуді дамыту.<br>3.**Сауат ашу негіздері**<br>Әріптер туралы білімдерін кеңейту, олардың бейнесін мүсіндеуді жетілдіру. Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазуға үйрету. Сөйлегенде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдана білуді жетілдіру.<br>4.**Сауат ашу негіздері**<br>Ұсынылған сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету, сөздерді буынға дұрыс бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтауды жетілдіру. Сурет арқылы заттың атын атату арқылы ойлау қабілеттерін арттыру .<br>**5.Орыс тілі**<br>Развивать умение отвечать на вопросы по прослушанному тексту; подбирать признаки к определенному предмету; упражнять ориентироватся на странице прописи.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Сурет, жоспар, сызба түрінде нысандардың арасындағы кеңістік қатынастарды үлгілеу қабілеттілігін дамыту. Қарапайым арифметикалық тапсырмалар құрап, оларды шешу қабілеттерін дамыту.<br>*2.* **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Басында, содан соң, дейін, кейін, бұрын, кештеу, бір мезгілде деген сияқты түсінік сөздерді сөйлеуде қолдана білуге үйрету. 20 көлеміндегі сандар мен цифрларды, оларды тура және кері санау біліктіліктерін дамыту.<br>*3.* **Құрастыру**<br>Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғи материалдар: бүршік, жаңғақ, бұтақ, тұқым және т.б. қолдана отырып қалаған заттарды құрастыру.<br>**4. Жаратылыс тану**<br>«Жылу» ұғымын қалыптастыру. Жылудың шығу көзін атау. Халық ырымдарымен таныстыру. | **1. Сурет салу**<br>Қағазға өрнектерді симметриялы етіп қоюға; элементтерді кезектестіре отырып матаға өрнек құруға үйрету. Қазақтың әшекей өнеріндегі киіз басу, кілем тоқу, тоқыма заттары туралы түсінік беру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну (рельеф, илеу, кескіштер арқылы жону, қыру). Мүсінделетін бұйымдардың пішіні мен өлшемі туралы кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Қойдың екі мүйізі — қос мүйізді «төрт айшық» өрнегі негізінде қолдана білуге үйрету. Тері белдіктерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық) әшекейлеу.<br>**4. Музыка**<br>Қазақстан композиторларының музыкасын тыңдау. Қазақтың би қимылдарының элементтерін орындау қабілеттерін жетілдіру. Әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату дағдыларын қалыптастыру.<br>5. **Музыка**<br>Қазақ халқының музыкасын әндерде қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Фразаны аяғына дейін ұстап тұру; артикуляцияға назар аудару іскерліктерін дамыту. Музыка әуеніне сай байсалды, асықпай би күйін мәнерлі жеткізуге үйрету. | **Өзін-өзі тану**<br>Бейнелі түрде ойлай, қиялдай білуі, шығармашылық іс-әрекеттер кезінде өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін көрсете алуға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақ халқының ұлттық қолданбалы өнері жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың түрлерімен таныстыру. Балаларға ұлттық бұйымдардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Ұлттық өнер ерекшеліктерін сезінуге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4 апта Нұр төккен, гүл көктем** | **Дене шынықтыру**<br>1.Шектелген жазықтықпен жүру. Жүгіріп келіп биіктікке секіру. Заттың астынан еңбектеу.<br>2. Сапта екеуден жүгіру. Заттың астынан еңбектеу.<br>Допты заттардың арасымен домалату.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Нұр төккен гүл көктем» Көктемде табиғаттағы өсімдіктермен қарым-қатынас жасауда қауіпсіздікті сақтауға үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Көктемгі табиғат ерекшеліктері, адамдардың киімдері, еңбегі, Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Өз тәжірибесінен тақырыпқа сәйкес әңгіме құрастыру. Сөздерді ауыспалы мағынада қолдануды жетілдіру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тілдің дыбыстарын естіп қабылдауды, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айтуды дамыту. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің мәні мен сөйлемнің мағынасын түсінуді жетілдіру. Көктем мезгілін, табиғи құбылыстарды қатыстырып сөйлемдер құрастыру.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить внимательно слушать; использовать в речи часто повторяющиеся слова; передавать содержание при помощи схем; упражнять ориентировается на странице прописи.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздерді пайдаланып, тақпақтың мәтінін қайталауға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Әртүрлі қуыршақтардың түрлерін қолданып, кейіпкерлердің рөлдерін сомдауға үйрету. Мәнерлілік құралдарын қолданып бейнелейтін кейіпкердің мінезін, қимылдарын беру. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Барикалық сезімдерін дамыту («салмақ сезімі»). Заттардың салмағы бойынша алақанына салып өлшеп, алдымен қарама-қарсы көрсеткіштермен тең және тең еместігін анықтауға үйрету.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Сусымалы және сұйық заттарды берілген өлшем құралы бойынша өлшеуге жаттықтыру. Тура және кері санауды бекіту. Логикалық есептерді құрастыруға және шешуге үйретуді жалғастыру.<br>**3. Жаратылыс тану**<br>Көктемгі-жаздық мезгілдегі жануарлардың тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту (кейбір жануарлардың қысқы ұйқыларынан оянуы, түлеуі, ұя салу, төлдеу). Кейбір жәндіктердің түрлері мен тіршілігі, олардың мекендейтін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. | **1. Сурет салу**<br>Гүлдердің бейнесін салғанда қылқаламды қағаз бетіне сипай жанастыру әдісін қолдануға үйрету. Құрал-жабдықтармен жұмыс жасаудың қарапайым техникасын меңгеру дағдыларын жетілдіру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Гүлдердің мүсінін илеуге үйрету. Заттарды шынайы бейнесіне қарап, елестетіп, ойдан шығарып мүсіндеу дағдыларын дамыту.<br>*3.* **Аппликация**<br>Топ бөлмесін безендіру үшін көктем желісі бойынша ұжымдық панно құруға үйрету. Түсті, бояуды, композицияны сезінулерін дамытуды жалғастыру.<br>*4.* **Музыка**<br>Әннің сипатына күш түсірмей қабылдауға үйрету. Балалардың музыкалық аспаптарында әуенді ойлап таба білу қабілеттерін жетілдіру.<br>*5.* **Музыка**<br>Пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдауға үйрету. Әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындау дағдыларын қалыптастыпу. Би элементтерін біріктіру негізінде би композициясын шығару біліктіліктерін дамыту. | **Өзін-өзі тану**<br>Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты дамыту; туған өлке табиғатының сұлулығын қуанышты қабылдай алуға, оған қамқор бола білуге баулу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Адам табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін дамыту. Адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып – білудегі рөлі туралы түсінік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Біз еңбеккор баламыз (Сәуір) | 1 апта Аялайық гүлдерді | **Дене шынықтыру**<br>1. Көзін жұмып жүру. Допты заттардың арасымен домалату. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау.<br>2. 80-120 м үздіксіз 2-3 минут жүгіру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау. Бір аяғымен сызықтан секіру.<br>3. Үшеуден сапқа тұру. Бір аяғымен сызықтан секіру. 5-15 м кем емес қашықтыққа допты лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Гүлдер және олардың түрлері, оларға ұқыпты қарау туралы білімдерін кеңейту. Диалогтік сөйлеуді, сұқбаттасын тыңдауды, оның айтқан сұрақтарына жауап беруді, өз ойын айтуды, сұрақ қоюды дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтуды бекіту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес өлең оқу. Сөйлеудің интонациялық мәнерлілігін, өлеңдегі ұйқастарды қабылдауды дамыту.<br>Шағын өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету. Күрделі сөйлемдерді қолданып, сұрақтарға жауап беруді дамыту. Көркем әдебиетке деген қызығушылықты ояту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы түсініктерін кеңейту. Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруға, сөйлемді сөздерге жіктеп, сөйлемнен сөздерді ретімен бөлуге үйрету. Сөйлемді интонациясы бойынша ажырату.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстарды және олардың әріппен белгіленуін салыстыруға үйрету. Шағын мәтіндердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді, сөйлемдегі сөз санын, сөздегі буын санын анықтай білуді дамыту.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы словами и короткими фразами; развивать умение использовать в речи часто повторяющиеся слова. упражнять ориентироватся на странице прописи.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме | *1*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық пішіндерді түсі, пішіні және көлемдік жағдайы бойынша топтастыру дағдыларын бекіту. Геометриялық пішін көпбұрышпен таныстыруды жалғастыру.<br>***2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру***<br>Заттардың мәні және көлемі бойынша ара қатынастарын көрсететін математикалық атауларды қолдану біліктілігін дамыту. Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Құрастыру**<br>Мазмұн бойынша ұжымдық құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағаздан құрастыру әдістерін қолдану, жазық материалдарды көлемді пішінге айналдыру іскерліктерін дамыту.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Өсімдіктердің тірі табиғатқа жататындығын, оған да басқа тірі денелер сияқты өсіп-жетілуі үшін арнайы жағдайлар (топырақ, жарық, жылу, су) керек екендігін түсіндіру. Өсімдіктердің адам | **1. Сурет салу**<br>Қағаздың түсін таңдап, бейнені жасау үшін бояуларды сәйкестендіре білуге үйрету. Қарындаштарды (графитті және түрлі түсті) дұрыс таңдау іскерліктерін дамыту.<br>*2.* **Мүсіндеу**<br>Мүсіндеудің үйреншікті әдістері мен біліктіліктерін жаттықтыру арқылы заттардың өлшемдік қатынастарын дұрыс бере білуге үйрету.<br>*3.* **Аппликация**<br>Аспанды, жерді бөлуге, жердің (аспанның) түсін таңдауға үйрету. Балаларды жапсыруда мазмұндық композиция құру біліктілігін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Музыка**<br>Әнді дауысын дұрыс келтіріп орындау қабілеттерін дамыту. Дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Әуенді асықпай, ырғағына келтіріп айтуға үйрету. Саптағы орнын өзгерте отырып кеңістікте еркін бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Би қимылдарын бере білуге жаттықтыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Табиғатқа қамқорлықпен қарауды дамыту; қоршаған табиғат сұлулығын қуанышты қабылдай алуға баулу.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>«Сыйластық», «құрмет» адамгершілік мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру; сыйластық қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту, үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2.апта Ас атасы - нан | **Дене шынықтыру**<br>1.Бұрын жүрілген жерлермен жүру. 5-15 м қашықтыққа допты лақтыру. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, еңіс тақтаның бойымен (ені 10-15 см, биіктігі 40 см) тура жүруде тепе-теңдікті сақтау.<br>2.Орташа жылдамдықпен (2-4 рет жүрумен алмастырып) жүгіріп өту. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, еңіс тақтаның бойымен (ені 10-15 см, биіктігі 40 см) тура жүруде тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғамен аяқтарын айқастырған қимылмен өрмелеу.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Пайдалы және зиянды жеміс-жидектер мен көкөністерді, саңырауқұлықтарды ажыратуға үйрету | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>«Нан дастарханға қалай келеді?» нанды қадірлеуге, бидайды өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбектерін бағалауға, оған ұқыпты карауға үйрету. Тақырыпқа сәйкес реттілікті сақтап әңгіме құрастыруды жетілдіру. Дыбыстарды естуді және оларды дұрыс дыбыстауды, сөздерді буындарға бөлуді бекіту.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді сөздерге жіктеуді, графиктік сызба бойынша сөйлем құрастыруды дамыту. Аталған дыбысқа сөз ойлату арқылы сөздік қорды толықтыру. Сөздерді, дыбыстарды анық, дұрыс айтуды жетілдіру.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить внимательно слушать; правильно применять слова в повседневной жизни, использовать слова обозначающие один и много предметов; совершенствовать навыки писать элементы букв.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>1-ден 10-ға дейінгі сандарды санауға; оқытылған білім беру жағдайларында тілдің лексикалық дағдылары арқылы түстердің атауын қолданып заттық әлемді сипаттауға үйрету.<br>**6.Драма**<br>Мәнерлілік құралдарының сипатын бейнелей отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре білуге үйрету. Қарқынды, дауыс күшін | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Заттарды өсу және кему ретімен орналастыра отырып, салмағы бойынша анықтауды жаттықтыру. Заттың салмағы оның көлеміне байланысты еместігі туралы түсініктерін бекіту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу біліктіліктерін дамыту. Заттардың мәні және көлемі бойынша ара қатынастарын көрсететін математикалық атауларды қолдану.<br>**3. Жаратылыс тану**<br>Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту, саңырауқұлақ пен кейбір жидек түрлерін жинау ережелерімен таныстыру. Табиғат үшін (тірі объектілерді күтіп-баптау) қолынан келетін көмек көрсетуге себеп болу. | **1. Сурет салу**<br>Бір бағытта жеңіл қимылмен, сызықтар жүргізе отырып, бейнелеу сұлбасынан шықпай, қажетті түсті алу үшін қарындашты әртүрлі басып қолдануға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Барлық қол буындары мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, ермексаздың тұтас бөлігінен мүсіндеуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>*3. Аппликация*<br>Көлемі бойынша бөліктер қатынасын орнатуды, бөліктерді бүтін етіп біріктіруді, қағаздың бетінде бағдарлай білуді үйрету. Қайшымен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережесін сақтау біліктіліктерін дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Әннің сипатына күш түсірмей қабылдау, ән айтуды музыка басталғаннан кейін бастау туралы түсініктерін бекіту. Тізені көтере отырып жүгіру, музыка сипатына сай қозғалуға жаттықытыру.<br>**5. Музыка**<br>Ансамбльмен әннің бастамасын орындау дағдыларын жетілдіру. Пьесаның аяқталуын белгілеу, ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу қабілеттерін бекіту. Музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажыратуға үйретуді жалғастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Балалардың ересектер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту; олардың еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Экология негіздері**<br>Қоршаған ортаның қоқыспен ластану мәселелерім ен таныстыру. Табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттер, ауа мен судың ластану себептері туралы білім беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі** | **Дене шынықтыру**<br>1. Төртеуден сапқа тұру. Гимнастикалық қабырғамен аяқтарын айқастырған қимылмен өрмелеу. Арқаннан алға ұмтыла секіру.<br>2. 400 м дейін баяу жүгіру. Арқаннан алға ұмтыла секіру. Бір жерден екінші жерге гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>3. 2-3 шеңбер жасап біреуден сапқа тұру. Бір жерден екінші жерге гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (арақашықтығы 4-5 м) лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Жәндіктер мен қосмекенділер туралы алған білімдерін кеңейту. Шығармашылықпен әңгімелеу дағдыларын дамыту. Сөйлемнің сызбасын жасауға үйрету және сызба бойынша сөйлем құрауға үйрету.<br>2.**Көркем әдебиет**<br>Тақырыпқа сәйкес шығарма оқу. Шағын әдеби шығармалардың мазмұнын бірізділікпен қайталап айтып беруге үйрету. Эмоционалды мазмұндауға, мазмұндауда мәнді екпіндерді, үзілістерді қолдану. Иллюстрацияларды шығарманың эпизодымен салыстыруды жетілдіру.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздегі дыбыстар, олардың түрлері (дауысты, дауыссыз) туралы алған білімдерін кеңейту. Оларды ажыратып, дұрыс дыбыстауды дамыту. Сөз/сөйлем сызбасын оқуға үйрету. Жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруды жетілдіру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз, сөйлем сызбасын құру, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазуға дағдыландыру. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысуға баулу.<br>**5.Орыс тілі**<br>При помощи наглядного материала короткие составлять простые предложения; совершенствовать навыки писать элементы букв.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**7.Шет тілі** | *1*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Құны 50 теңгелік ақшамен таныстыру (ажырату, жинақтау және ұсақтау). Бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші екенін түсіндіру.<br>*2*. **Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>«Қайсы?»,«Есебі бойынша нешінші?», «Қандай ?» сұрақтарын қою біліктілігін дамыту. Кеңістікте көрсетілген бағытты бағдарлауға, берілген тапсырма бойынша өзінің тұрған жерін анықтауға жаттықтыру.<br>**3. Құрастыру**<br>Балалардың құрастыру материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Нақты жағдайларға сәйкес құрастыру іскерліктерін дамыту, жәндітер мен қос мекенділердің ерекшеліктерін айыра білуге үйрету.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Табиғат бұрышындағы жануарлар тіршілігімен, ондағы тірі объектілерге күтім жасайтын қажетті құралдармен таныстыру. Балалармен бірге табиғатты | **1. Сурет салу**<br>Түстерді араластырудың қарапайым ережесін (қызыл және көк түсті қосқанда – күлгін түс, көк және сары түстің қоспасы – жасыл түсті беретінін және т.б.) үйрету. Бояулармен сурет салу техникасын үйретуді жалғастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Дененің үйлесімділігін сақтай отырып жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Пайдаланатын материалдарға және құралдарға ұқыпты қарау, жұмыс орны мен жұмыс істеу барысында құралдарды өздігінен тәртіпке келтіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау дағдыларын қалыптастыру. Табиғи және қолдан жасалған бейнелерден, екіге, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық пішіндерді қиып алуға үйрету.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық қабылдауды дамыту, орындаушылық дағдыларды қалыптастыру; бейнелеу мүмкіндіктері жайлы түсінік беру; өнер құралдарының көмегімен қоршаған ортаның сұлулығын тану.<br>**5. Музыка**<br>Түрлі музыкалық жанр жайлы түсініктерін жетілдіру; хормен орындауға үйрету. орындаушылық мәдениетті қалыптастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>Тірі табиғат құбылыстар ына мейірімділік , қамқорлық танытуға баулу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтары мен таныстыру. Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығ ы туралы айтып, балалардың есте сақтай білу қабілеттерін дамыту. Атадан - балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықта рды сақтауға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4 апта Еңбек бәрін жеңбек** | **Дене шынықтыру**<br>1. 20 м үзіліспен (2-3 рет) шапшаң жүгіріп өту. Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (арақашықтығы 4-5 м) лақтыру. Еңіс тақтаның бойымен (ені 10-15 см, биіктігі 40 см) қырындап жүруде тепе-теңдікті сақтау.<br>2. Шоқырықтап жүгіру. Еңіс тақтаның бойымен (ені 10-15 см, биіктігі 40 см) қырындап жүруде тепе-теңдікті сақтау. Арқаннан артқа, жанына қарай секіру.<br><br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>«Күшіңе сенбе, ісіңе сен»<br>Өзіне-өзі қызмет етуде, өзара көмек көрсетуде қауіпсіздік ережелеріне үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту. Сөйлеуде фольклордың кіші жанрларын интонациясына сәйкес дәл, дұрыс мәнерлі қолдануды бекіту. Жаңылтпаш, жұмбақ, санамақтарға қызығушылықты қалыптастыру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Сөз бен сөйлем туралы түсініктерін кеңейту, олардың мағынасын түсініп, ажырата білуді дамыту. Тыңдалған материал негізінде сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөйлегенде дауыс ырғағын сақтап, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл) қолдану.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить отвечать на вопросы прослушанного материала; развитие умения пользоваться обобщающими словами, ориентироваться на странице прописи.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>Тұлғасы мен мүлкіне қатысты қарапайым сұрақтарға жауап беру ге үйрету(Who are you? What's your name? What's this? Who's this? Is it ...? Have you got ...?).<br>**6.Драма**<br>Өзінің әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіруге үйрету, бейнені дененің иілгіштігі, қимылы, ымдау, дауыс арқылы білдіру, сахнада бағдарлауды дамыту.<br>Басқа кейіпкерлермен рөлдік қарым- | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Құны 100 теңгелік ақшамен таныстыру (ажырату, жинақтау және ұсақтау). Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білуін қалыптастыру.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>«>», «<» таңбаларын үлкен-кіші белгілер ретінде қолдануға жаттықтыру. Тапсырмалардағы логикалық жаттығуларды, жұмбақтарды орындау.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. Көктемгі маусымның өзгерістерімен (күн ұзарып, түн қысқарады, күн жылынады, ағаштарда бүршік атады, жер көгереді, бәйшешек шығады, жыл құстары ұшып келеді; жәндіктер пайда болады; кейбір жабайы аңдар ұйқыдан тұрады, малдар төлдейді; мәдени көшеттер мен мәдени көкөністер отырғызылады және сол сияқты) таныстыру. | **1. Сурет салу**<br>Әртүрлі түстерді үйлестіру арқылы бейнеленетін заттың, көңіл-күйін беруге үйрету. Өз талғамымен түстерді таңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Ұзын және қысқа, жуан және жіңішке, бөліктердің салыстырмалы шамаларын сақтай отырып заттардың белгілерін бере білуге үйрету. Жеке бас гигиенасының ережесін сақтау дағдыланы жетілдіру.<br>**3. Аппликация**<br>Ойыншықтарға арнап ұлттық бұйымдарды, сондай-ақ, қазақ ою-өрнектерінің желісімен ойдан шығару. Ойдан жапсыру дағдыларын игерту.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық және шулы дыбыстарды қабылдау, дыбыс биіктігін есті білуді дамыту. Тыныс алу, дикция, ансамбль түсініктерімен таныстыру.<br>**5. Музыка**<br>Алуан түрлі музыкалық бейнелерді айыру қабілеттілігін, бейнелерге ене білу жолдарын бағалауға үйрету. Музыка сипатын анықтай білуді, өз сезімдерін бет әлпетімен, қимылдармен бейнелеуді дамыту. | **Өзін-өзі тану**<br>Адамдарды сыйлап, тілектестік, жанашырлық таныта алуға, достарына, туыстары мен жақындарына шамасына қарай көмек көрсетуі және қамқор бола алуға баулу.<br><br>**Экология негіздері**<br>Экологиялық тәуелділікті түсіндіру, адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтауды үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Әрқашан күн сөнбесін (Мамыр) | 1 апта Достық – біздің тірегіміз (халықтар достығы) | **Дене шынықтыру**<br>1. Жарыса жүгіру. Арқаннан артқа, жанына қарай секіру. Оң және сол қолымен тік нысанаға (арақашықтығы 4-5 м) дәлдеп лақтыру.<br>2. 80-120 м үздіксіз 2-3 минут жүгіру. Аяғын жоғары көтеріп астынан шапалақтауда тепе-теңдікті сақтау. Бір аяғымен сызықтан секіру.<br>3. Үшеуден сапқа тұру. Бір аяғымен сызықтан секіру. 5-15 м кем емес қашықтыққа допты лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Адамдардың, ұлттардың арасындағы сыйластықты, халықтар достығы туралы түсініктерін кеңейту. Дыбысты тыңдап қабылдауды жетілдіру. Сөздерге дыбыстық және буындық талдау жасау. Сөздік қорды байыту. Әдептілік сөздерін қолдануды бекіту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Мақал-мәтелдер жаттау.<br>Шағын фольклор жанрларын нақты, дұрыс, мәнерлі және сәйкес интонациямен қолдануға үйрету. Суреттер, иллюстрациялардан алынған ақпараттың мағынасын аша білуге үйрету.Мақал – мәтелдерге қызығушылықты ояту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>1Дыбыстар туралы білімдерін пысықтау. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, дамыту (буын құрау, сөз құрау, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту). Дамыту ойындарын ойната отырып, игерген білімдерін бекіту.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді сөздерге жіктеуді, графиктік сызба бойынша сөйлем құрастыруды жетілдіру. Аталған дыбысқа сөз ойлап, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырту арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>**5.Орыс тілі**<br>Учить понимать содержание вопроса, отвечать на них словами и короткими фразами; развивать называние предметов, относящиеся к различным логическим группам<br>**6.Орыс тілі** | 1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру<br>Сурет бойынша есеп құрастыруды жалғастыру. Заттарды азаю және көбею тәртібі бойынша орналастыру біліктіліктерін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Берілген сан құрамына сандарды қоя отырып, есеп құрастыруға үйрету. Жалпыдан жекені бөлу, заңдылыққа сәйкес іздеу машықтарын дамыту.<br>*3*. **Құрастыру**<br>Қалдық заттардан ойыншықтар жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған жұмыстарын аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.<br>**4. Жаратылыс тану**<br>Судың үш қасиеті туралы білімдерін кеңейту. Көмір, құм, балшық, мұнай, гранит сияқты табиғи материалдармен және олардың қасиеттері мен қажеттіліктерімен таныстыру. Оларды ажыратып, атай білуге үйрету. | **1. Сурет салу**<br>Тостаған, табақша әшекейіне тән әдіптеп, гүлдермен және жапырақтармен сипаттау (қағаздан қиылған жапсырылған бұйым немесе силуэт) әдістері туралы түсінік беру.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Лента тәрізді пластиналарды орналастырып, бір-біріне ішісыртын бекіту арқылы ыдыстар жасауға үйрету. Өткір және кескіш құралдармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын және еңбек гигиенасын сақтау ағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Қағазды қатпарлап және симметриялық формадағы екіге бүктелген бірнеше бірдей форманы бірден қия отырып, қазақ өрнегімен сұлбаларды безендіруге үйрету. Түсті, бояуды, композицияны сезінулерін дамытуды жалғастыру.<br>**4. Музыка**<br>Түрлі халықтардың билерінің ерекшеліктерімен таныстыру. Музыкалық әсерді молайту, динамикалық естуді дамыту; қарым-қатынас жасау арқылы түрлі халықтардың өміріне, тұрмысына және мәдениетіне қызығушылықтарын арттыру.<br>**5. Музыка**<br>Жеке бірінші ре-си октавасы диапозонында ән айту дағдыларын қалыптастыру.. Қазақ би қимылдарының элементтерін орындау қабілеттерін жетілдіру. | **Өзін-өзі тану**<br>Көп ұлтты еліміз туралы түсініктерін кеңейту; басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне сыйластықты тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Балалардың бірлік, ынтымақтастық, достық туралы түсініктерін кеңейту. Өз ұлтының тілін, мәдениетін біле отырып, өзге ұлттың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2.апта Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан | **Дене шынықтыру**<br>1.Бұрын жүрілген жерлермен жүру.<br>5-15 м кем емес қашықтыққа допты лақтыру. Көздерін жұмып бір аяқпен тұруда тепе-теңдікті сақтау.<br>2.Орташа жылдамдықпен (2-4 рет жүрумен алмастырып) жүгіріп өту. Көздерін жұмып бір аяқпен тұруда тепе-теңдікті сақтау. Гимнастикалық қабырғамен аяқтарын айқастырған қимылмен өрмелеу.<br><br>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Қазақстан әскері, әскерлердің түрлері туралы білімдерін кеңейту, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Отан қорғаушылардың ерліктері туралы айту. Әскери адамдар мен батырлардың мінез-құлықтарын сипаттайтын сөздерді қолданып әңгіме құрастыруды жетілдіру.<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айтуды дамыту. Шағын мәтіндердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасату. Тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу арқылы қолдарын жаттықтыру.<br>**3.Орыс тілі**<br>Учить составлять высказывания на русском языке из 2-3 предложений; определять количество слов в предложении, различать рабочую строку и межстрочное пространство понимать; различать знакомые звуки в словах и правильно применять их в повседневной жизни.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздерді пайдаланып, үлгілік әдеп жағдайларында тілдесе білуді қалыптастыру: тілек пен құттықтау (Happy Birthday).<br>6.**Драма**<br>Командаға немесе музыкалық белгіге | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>20 ға дейінгі тура және кері санауды жалғастыру. Сандардың көршілерін атауға және тани білу біліктіліктерін дамыту.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Геометриялық пішіндерді түсі, пішіні және көлемдік жағдайы бойынша топтастыруды жалғастыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**3. Жаратылыс тану**<br>Қоршаған заттардың атқаратын міндеттері мен олар жасаған материалдардың құрылысы арасындағы байланыстарды түсінуге үйрету. | **1. Сурет салу**<br>Құралдармен жұмыс істеуде еңбек гигиенасын, қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын жетілдіру. Фонға сәйкес түрлі түстер шоғырларын қолдануға, бояу тақтайшасымен түстерді араластыруға үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Сәндік элементтермен заттарды безендіруге үйрету. Заттардың өлшемдік қатынастарын дұрыс бере білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Ұлттық өрнектердің алуан түрлілігі туралы түсінік беру. Сенсорлық қабылдауды, көркемдік-эстетикалық талғамды дамыту.<br>**4. Музыка**<br>Музыкалық естуді жоспарлы, жүйелі дамытуға мүмкіндік туғызу. Оркестрдің орындауындағы музыканы тыңдауға қызығушылығын арттыру. Дәл және жалған дыбыстауды естудің көмегімен ажырату дағдыларын қалыптастыру.<br>**5. Музыка**<br>Музыкалық ойындарда балалар ауызбірлікте болуға, мәнерлі қимылдарды басқаларға еліктемей, өз бетінше ойластырып орындауға үйрету. Әнді бір мезгілде бастап, бірге аяқтауға, әуен сипатын бере білу дағдыларын қалыптастыру. Халық өлеңдерін қолдана отырып, дыбыстау саздылығын дамыту. | **Өзін-өзі тану**<br>Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; «Отан», «азамат», «қазақстандықтар» ұғымдарын кеңейту; Отанға деген сүйіспеншілікті және патриоттық сезімді дамыту.<br><br>**Экология негіздері**<br>Балаларды табиғатты танып білуге, оны қорғауға, қамқорлық жасай білуге баулу, табиғат құбылыстарын, өзгерістерін білуге, жануарлар мен өсімдіктерге қамқорлық жасауға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3 апта Көңілді жаз** | **Дене шынықтыру**<br>1. Төртеуден сапқа тұру. Гимнастикалық қабырғамен аяқтарын айқастырған қимылмен өрмелеу. Арқаннан алға ұмтыла секіру.<br>2. 400 м дейін баяу жүгіру. Арқаннан алға ұмтыла секіру. Бір жерден екінші жерге гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>3. 2-3 шеңбер жасап біреуден сапқа тұру. Бір жерден екінші жерге гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.<br>Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (арақашықтығы 4 -5 м) лақтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Жаздағы маусымдық өзгерістер, адамдардың киімдері, демалыстары, ойындар туралы білімдерін кеңейту. Берілген тақырып аясында диалогге қатысуға баулу. Өз ойларынан жазғы демалыс туралы әңгіме құрастыру.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Жаз мезгілі туралы өлең оқу.<br>Жаз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңнің мазмұнын түсініп, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізе білуді жетілдіру. Ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіру дағдыларын дамыту.<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>Жаз мезгілі бейнеленген сурет бойынша әңгіме құрастырып айтуды үйрету. Жалаң және жайылма сөйлемдерді құрастыра білуді дамыту.Сөздер мен сөйлемдердің сызбасын оқуға, сөйлемдегі сөз санын, сөздегі буын санын анықтауды жетілдіру.<br>**4.Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздегі дыбыстарға талдау жасауды жетілдіру. Суретті кітаптардан ақпаратты тауып түсіндіре білу.<br>**5.Орыс тілі**<br>При помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; использовать в речи часто повторяющиеся слова; отвечать на вопросы.<br>**6.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау біліктіліктерін бекіту.<br>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырату машықтарын қорытындылау.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Мезгілдік ұғымдар туралы білімдерін бекіту. заттарды өсу және кему ретімен орналастыра отырып, салмағы бойынша анықтау біліктіліктерін дамыту.<br>**3. Жаратылыстану**<br>Жаз мезгілінде болатын өзгерістер туралы ұғымдарын нақтылау (ең ұзақ күн және қысқа түн, жылы, ыстық, нөсер жауынның, найзағайдың, кемпірқосақтың болуы). Өсімдіктердің өсуі үшін жайлы жағдайлар болатынын түсіндіру: өседі, гүлдейді және жеміс салады. | **1. Сурет салу**<br>Жаз мезгілінің ерекшеліктерін сурет арқылы бейнелей білуге үйрету.<br>**2. Мүсіндеу**<br>Декоративті пластиналарды мүсіндеуге, жұмыстарында әртүрлі құралдарды қолдануға үйрету. Табиғи материалдармен жұмыс жасаудың қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>**3. Аппликация**<br>Геометриялық және өсімдік өрнектері негізінде жырту, өру және қағазбен жұмыста пайдаланылатын түрлі аралас техникаларды қолданып, симметриялық, сұлбалық, көпқабатты пішіндерді қию техникасын меңгерту. Қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Табиғатты музыканың көмегімен эстетикалық түрде қабылдай білуді дамыту. Музыкалық тіркестер арасында тыныс алуға үйрету. Музыка сипатына сай таныс би қимылдарын орындау дағдыларын бекіту.<br>**5. Музыка**<br>Би элементтерін біріктіру негізінде би композициясын шығару қабілеттерін дамыту. Музыка сабақтарында меңгерілген білімдер мен біліктерді бекіту. | **Өзін-өзі тану**<br>Табиғатты бақылауды, оның бояулары мен ренктерін ажыратуды қалыптастыру, туған өлке табиғатына танымдық қызығушылығын дамыту, оған мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балаларға Ұлы Отан соғысы туралы түсінік беріп, осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын Жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлайтыны |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Ұлы Отан соғысы батырларының ерлік істеріне тағзым етуге, батыл да ержүрек болуға баулу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 4. апта Мен жасай аламын | **Дене шынықтыру**<br>1. 20 м үзіліспен (2-3 рет) шапшаң жүгіріп өту. Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (арақашықтығы 4-5 м) лақтыру. Құм салынған қапшықты ұстап тұру және отыруда тең-теңдікті сақтау.<br>2. Шоқырықтап жүгіру. Құм салынған қапшықты ұстап тұру және отыруда тең-теңдікті сақтау.<br>Арқаннан артқа, жанына қарай секіру.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Балалардың не білетіні туралы сұрақтар қойып бекіту. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың нені білетіні, не істей алатыны, мектеп оқушысы қандай болу керек сол туралы әңгімелесу. Әлеуметтік дағдыларды дамыту: ұжымда жұмыс жасау, келісу, серіктесінің ойын тыңдау.<br>**2. Сауат ашу негіздері**<br>Сөз, сөйлем туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлемді сөздерге жіктеуді, графиктік сызба бойынша сөйлем құруды дамыту.Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару дағдыларын жетілдіру.<br>**3.Орыс тілі**<br>При помощи наглядного материала составлять короткие, простые предложения; использовать в речи часто повторяющиеся слова; совершенствовать навыки умения писать элементы букв.<br>**4.Орыс тілі**<br>Формировать и развивать словарный запас по заданной лексической теме<br>**5.Шет тілі**<br>Фонетикалық мысалдар және интонация ретіндегі жазбаларды немесе сөйлеген сөздер арқылы күнделікті әрекеттерін сипаттау (I get up) үйрету.<br>**6.Драма**<br>Мәнерлілік құралдарын қолданып (ым - ишара, қимыл-қозғалыс, дауыс ырғағы және т.б.) кейіпкерлердің бейнелерін бере білу. Дене қимылы арқылы эмоционалдық күйін жеткізе білу. Мәтінді және рөлді мәнерлі орындай білу дағдыларын жетілдіру. | **1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>20 көлеміндегі реттік және есептік санауды бекіту. Тор көзді қағазда бағдар алуға үйретуді жалғастыру.<br>**2. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>Сусымалы және сұйық заттарды берілген өлшем құралы бойынша өлшеу дағдыларын бекіту. Арифметикалық есептерді құрастыруға және есептеу біліктіліктерін жетілдіру.<br>**3. Құрастыру**<br>Сіріңке қораптарынан түрліше үйлестіріп, бұйымдар құрастыруға үйрету. Жеке және топтық сипаттағы шығармашылық, жобалау әрекетіне ықпал ету.<br>**4. Жаратылыстану**<br>Балалар бақшасының аумағындағы және қоршаған ортадағы өсімдіктер туралы білімдерді, оларды ажыратып айта білуді бекіту. Кейбір дәрілік өсімдіктер түрлерімен және олардың емдік қасиеттерімен таныстыру. | **1. Сурет салу**<br>Қатырма қағаздан жасалынған көлемді пішіндерді (қораптар, бокалдар және т.б.) безендіру іскерлігін дамыту.<br>*2. Мүсіндеу*<br>Таныс заттарды бір кесек ермексаздан (сазбалшықтан және т.б. материалдардан), алдымен олардың жалпы пішінін, содан кейін бөлшектерін мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеуге арналған материал және құралдармен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту.<br>**3. Аппликация**<br>Жапсыруда түс, пішін, өлшем, т.б. көркемдік мәнерлілік құралдарын пайдалануға үйрету. Зат бейнесін бөлшектерден құрастыру дағдыларын жетілдіру.<br>**4. Музыка**<br>Шығармаларды ұқсастығы мен айырмашылықтары бойынша салыстыруға үйрету. Әнді балалардың өздері ойлап шығарған би қимылдарымен ұштастыру қабілеттерін дамыту. Шығармашылық белсенділікті арттыру.<br>**5. Музыка**<br>Балаларды музыканы мұқият тыңдауға, өз эмоцияларын шығарманы тыңдап болғаннан кейін білдіруге үйрету. Әнді жеңіл және қозғала жүріп орындау дағдыларын жетілдіру. | **Өзін-өзі тану**<br>Адамгершілік қасиеттер туралы білімдерін жетілдіру: мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық, елгезектік; мейірімді әрекеттер жасауға талпынысын дамыту, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>**Экология негіздері**<br>Балалардың алған білімдерін пысықтау. Сұрақтар қою, түрлі тапсырмалар орындату арқылы танымдық қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Табиғатқа қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын, табиғатты сақтауға деген ынталарын қалыптастыру. |